**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ**

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

**Наурыз айы 2024 жыл | № 03 (53)**

## Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.
Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2024 жыл Телефон: 8 777 055 0590

# ЕЖЕЛГІ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР

**ЖҰМАҒАЛИ МАҚСАТ ЖҰМАБАЙҰЛЫ**
*Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жымпиты ауылы*
*Сырым ауданы білім беру бөлімінің «А.Ғұбайдуллин атындағы*
*балалар музыка мектебі» МКҚК директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,*
*қазақ музыка әдебиеті пәнінің оқытушысы*

**Сабақтың тақырыбы:** «Ежелгі музыкалық аспаптар» «Оркестр құрамындағы аспаптар»

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Ежелгі музыкалық аспаптар туралы оқушылардың білімдерін тереңдету, Оқушыларға оркестр, оркестр құрамындағы аспаптар жөнінде әңгімелеу.

**Дамытушылық:** Музыкалық аспаптардың түрлері туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру,

**Тәрбиелік:** Оқушыларды ұлттық аспаптардың маңыздылығын ұғына білуге, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Аспап суреттері: дабыл, дауылпаз- барабан, асатаяқ-ложки, қоңырау – бубенцы, даңғыра дойра, сақпан, трещотк, электронды оқулық.

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, түсіндіру.

**Күтілетін нәтиже:** Ежелгі музыкалық аспап түрлерімен таныстыру;

оркестр құрамындағы аспаптардың дыбыстарын ажырата білу;

әртүрлі сынып оқушылары болғанымен олардың назарын бір мақсатқа аударуға мүмкіндік жасау; оқушылардың бірін-бірі тыңдай білуге дағдыландыру.

**Сабақтың барысы:**

**І. Ұйымдастыру бөлімі;**

Кіріспе бөлім.

Балалар, бүгінгі сабағымызда тақырыпта берілген аспаптар туралы халқымыздың аңыз-әңгімелеріндегі, жырларда кездесетін жыр шумақтарынан мысалға келтіре отырып, әңгімелеймін.

Халық тұрмысында, сонау бағзы заманнан бері, қоңырау, көлемі әр түрлі сақиналар және басқа металл заттар қолданылған. Жауынгерлер жорыққа шығарда оларды өздерінің найзаларына тағады, сөйтіп даңғұр-дұңғыр дауысты көбейтіп жауларын сескендірмек болады екен. Осындай көп жорық, шайқастарга қатысқан халық ақыны Ақтамберді Сарыұлының (1675—1768) дастанынан да музыкалық аспаптар атын кездестіреміз.

**ІІ. Үй тапсырмасын сұрау.**

Театр дегеніміз не?

Театрда ойнайтын адам кім деп аталады?

Концерт залы дегеніміз не?

Астанада қандай концерт залы бар?

Концерт залдарында не болады?

**Дауыс жаттығу:** До, ре, ми, фа, соль, ля, си, до.
До, ре, ми, фа, соль, ля, си, до.

**ІІІ. Жаңа сабақ.**

-Балалар,қандай музыкалық аспаптарды білесіңдер?

-Домбыра, қобыз, жетіген, күйсандық т.б

**Ойын:** Аспаптардың дауысын ажырату.

Қоңырау, барабан, жетіген, қобыз, шаңқобыз, сазсырнай, домбыра.

-Осы аспаптардың қосылып орындалуы қалай аталады?

**Оқулықпен жұмыс.**

**Оркестр**(грек. **orchestra** – ежелгі грек театры сахнасы алдындағы шағын алаң) – музыкалық

шығарманы әр түрлі аспаптарда қосылып орындайтын музыканттар ұжымы. Оркестр аспаптық құрамына (біркелкі немесе аралас) және қолдануына қарай топталады. Құрамына қарай оркестр: **симфониялық** (ішекті ысқылы, ағаш және мыстан жасалған үрмелі аспаптар, соқпалы аспаптар, т.б.),**ысқышты** (тек қана ысқышты аспаптар), **үрмелі** (үрлеп ойнайтын және соқпалы аспаптар), (тек қана мыстан жасалған аспаптар болады. Қазақстанда кәсіби халық аспаптар оркестрі 1934 жылы құрылды. Қазақтың ұлттық аспаптарының құрамында домбыра, жетіген, сазсырнай, ұрмалы аспаптар, қобыз т.б ұттық аспаптар болады. Астаяқ. **Асатаяқ** - қазақ халқының ежелгі музыкалық аспабы. Асатаяқты абыздар мен бақсылар ұстанған. Әдетте, олар асатаяқты қылқобыз бен даңғыраның үніне қосып қолданатын болған. Асатаяқ жасалу тәсіліне қарай "күмбезде, "жалпақ басты", "ай басты", "жылан басты", "сопақша", "қалақша", т.б. болып келеді. Оларды ырғақтатып, сілкіп, шайқап ойнайды.



**Даңғыра** - қазақтың көне ұрмалы-сылдырмақты, қатты дыбысты музыкалық аспап. Бұл бір жағы терімен қапталған, ішкі жағынан темір алқалар сақиналар менсылдырмалар ілінген дөңгелек шығыршық. Даңғыра шамандық әдет-ғұрыптардың бөлінбес белгілемесі болып табылды.

Қоңырау – қазақ халқының ертеден келе жатқан музыкалық аспабы.Асатаяқ, сылдырмақ, **дүңгіршек** сияқты сылдырлы аспаптардың қатарына жатады.



Ертеде қоңырау аспабын ұлттық салт-дәстүр мен діни-ғұрыптық рәсімдерде жиі қолданған. Аспап бақсылар мен абыздар арасында кеңінен танылған. Олар қоңыраудықобыз, даңғара,дауылпаз, керней сияқты аспаптармен қатар пайдаланған. Сондай-ақ, қоңырау үй тұрмысы мен ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылған. Малшылар қоңырауды мал мойынына іліп қояды екен. Себебі, жырткыш аңдар металл дыбысынан шошынған.

Қоңырау тот баспайтын мелхиор, жез, қола сияқты металдардан жасаған. Кейбір кезде сыртқы жағын алтын не күміспен қаптаған. Сырты шар тәрізді, іші қуыс, ортасында кішкентай ғана тілшесі болады. **Қоңырауды арнайы жеңіл металл таяқшамен соғып ойнайды.** Жасалу құрылысы мен пішініне қарай, қоңырау аспабын «жылан бас», «үшбұрышты қоңырау» деп атаған. Жылан бейнесін ағаштан жасап, оған бірнеше қоңырау іліп, тез таяқшамен қағып ойнайды.



Аспаптың кішкене үлгісін наркобыз, қылқобыз, домбыра, асатаяқ т.с.с. аспаптардың бас жағына немесе шанақ ішіне тағып қоятын. Сондай-ақ,шаңқобыз аспабында ойнайтын орындаушылар саусақтарына қоңырау іліп алатын. 1934 жылы Құрманғазы атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестріне Бола Сарыбаев тәжірибе жасап, алғаш рет қолданды. Бұл күнде аспап этно-фольклорлық ансамбльдер мен ұлттық аспаптар оркестрінде халық әндері мен күйлерін сүйемелдеу үшін кеңінен қолданылады.

Үрмелі аспаптар арасында **сыбызғы** - халық үшін ең сүйікті аспап болып табылады. Ол халықтық музыкалық өнердің ажырамас бөлігіне айналды. Сыбызғы шопандардың отар бағып жүрген кезде жалғыздығын жебейтін аспап ретінде, ал кешкі демалыс мезгілінде музыканттар ол арқылы ескі аңыздар-жырларды айтқан. Сыбызғышылар барлық тойлар мен мерекелердегі құрметті қонақтар болған. Сыбызғының кең таралуы, қолданылуы оның қарапайымдылығымен түсіндіріледі. Сыбызғыны қуыс талдан жасаған, одан үш саңылау ойған. Қурайдан, ағаштан, кейде жезден де жасалады.



**Сергіту сәті:**

Күй тыңдау: Н. Тілендиев «Әлқисса»

**Жаңа ән үйрету:**

«Домбыра»

**Бекіту:**
-Бүгін біз қандай аспаптармен таныстық?
-Домбыра -қандай аспап?
-Оркестр дегеніміз не?
-Оркестр қандай түрлерге бөлінеді? (Симфониялық, ұлттық т.б)
**Үйге тапсырма:**
Халық күйі «Тепеңкөк»
**Қорытынды:** Бағалау.

*****

## БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ КЕМШІЛІКТІ АНЫҚТАУ

**КОЙШИГУЛОВА ГУЛЬЗИЯ БАХТИБАЕВНА**
*Түркістан облысы, Түркістан қаласы*
*Мереке бөбекжай бақшасының логопеді*

Балалардың сөйлеу тіліндегі ақаулықтарды дұрыс түсініп және тиімді ықпал жасау үшін оны жоюдың ең ұтымды және үнемді жолын таңдау керек. Сөйлеу тіліндегі мүкістіктің ішкі сырының ерекшелігін және оның ауқымдылығын анықтай білу қажет. Сөйлеу тіл жүйелерінің қайсы бөлігінің ақауланғанын талдай білу қажет. Сөйлеу тілнің мүкістерінің ерекшелігі мен оның күрделілігіне байланысты әрбір нақтылы жағдайға сәйкес тапсырмаларды пайдаланып тексеру ішінара жекеленген болу керек. Бірақ қандай жағдай болмасын кейбір негізгі талаптарды естен шығармау қажет.

Мүкістіктер сөйлеу тілінің фонематикалық, лексикалық және грамматикалық жақтарын да қамтитыны белгілі. Бұл сөйлеу тілінің фонематикалық барысын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын жан-жақты тексеру деген сөз. Сонымен бірге мектеп оқушыларының оқуы мен жазуын да тексеру қажет.

Сөйлеу тілінің мүкістерін талдауға жүйелі тәсілді қолданудың, сөйлеу тілінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтап қана қоймай, сонымен бірге оның басқа бөлімдерімен де қандай байланысының бар екенін шамалауға мүмкіншілік беретін ерекшелігімен маңызды. Мысалы, сөйлеу тіліндегі дыбыстардың бұзылуы өз бетімен дербес болып келуі белгілі, бірақ ол көп жағдайларда сөйлеу тілінің фонетикалық жағын, ал кейде, тіпті фонетика-фонематикалық және лексика-грамматикалық жақтары сияқты жалпы дамуын да қамтитын бұзылудың күрделі нышанын білдіретін ақаулықтарға сай келуі мүмкін. Осының барлығы тексеру барысында ашылуы керек.

Бірақ, логопедиялық жұмысында бұл әрдайым ескеріле бермейді, осы уакытқа дейін ақаулыққа қолданылатын әрекеттер оның ең жиі көрінетін сыртқы белгісіне қарап белгіленеді, оның басқа бөлімдерімен байланысы ашылмайды, нәтижесінің қандай болатыны, қандай зардапқа әкеліп соғуы мүмкін екені ескерілмейді. Мысалы, сөйлеу тілі дыбыстарын естіп қабылдауының, ажыратуының жеткіліксіз дамуы жекелеген дыбыстардың айтылуындағы бұзылуына және баланың фонематикалық түсінігінің кешеуілдеп қалуына себепші болуы мумкін. Сондай-ақ ол сөйлеу тіліндегі дыбыстардың талдауының қалыптаспауына, демек оқуы мен жазуын меңгеруіне де әсер етуі мүмкін. Жоғарыда көрсетілгендей, сөйлеу тілі бұзылуының әрбір көрінісі бір мезгілде басқа да бұзылулардың шығуына себепші болуы мүмкін. Бұл жағдай сөйлеу тілі мүшелерінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтағаннан кейін, соған қатысты басқа мүшелері қандай жағдайда екенін байқап көріп, тексерген кезде назарда болу қажет.

Сөйлеу тілі құрамын, дыбыстардың айтылуын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын, жазуы мен оқуын тексерген кезде қолданылатын тәсілдерге және нақтылы әдістерге тоқталамыз. Тәсілдің немесе әдістің қайсысын болмасын әйтеуір біреуін қолданғанымен сөйлеу тілі бұзылуының ерекшелігі туралы бірден қорытынды жасауға болмайды. Тек тексерудің нәтижесін салыстыру және талдау арқылы сөйлеу тілінің ақаулығы туралы анық айтуға болады.

Сөйлеу тілін тексермес бұрын ата-аналармен әңгіме өткізу қажет. Әңгімелесу барысында баланың қандай аурумен ауырғаны, жара-қаттанғандығы және сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына зиянын тигізетін тәрбие жағдайы анықталады (анамнез жинақтау).

Ата-аналардың берген мәлімдемелері баланың сөйлеу тілі бұзылуының көрінісін түсінуге жәрдемін тигізеді.

Сөйлеу тілі ақаулыктарының шығу себептерін дұрыс анықтау үшін, логопед баланың сөйлеу тілінің қалай дамығандығын көз алдына келтіру керек. Сондықтан, баланың тілі қай жасынан бастап шыққаны, бірінші сөзді қашан айтқаны және сөздің басын құрап сөйлеуді қашан бастағаны, одан ары қарай сөйлеу тілінің қалай дамығандығы, мектепке барардың алдында оның сөздік қорының және грамматикалық құрылысының шамасы қалай қалыптасқандығы туралы мәліметтерді ата-аналардан сұрай отырып жинау қажет.

Ата-аналармен әңгімелесу кезінде баламен күнделікті қатысып, араласып жүрген адамдардың тілдерінің дамуындағы деңгей шамалары туралы, олардың арасында сақаулары және бірнеше ұлтттың тілдерін араластырып сөйлейтіндерінің бар-жоктығын, сонымен бірге, баланың сөйлеу тілінің дұрыс дамып қалыптасуына ортаның қандай ықпал тигізгендігін анықтайды. Ең маңыздысы, бала өзінің сөйлеу тілінің  ақаулығын түсіне ме және оған баланың көзқарасы қандай, яғни уайымдайма соны білу керек. Сонымен бірге ата-ананың логопедтен бұрын кеңес алғанын және қандай нәтиже бергенін анықтау керек. Егер бала бұған дейін балалар мекемелерінің  қайсы біреуінде тәрбиеленген болса, онда ата-ананың берген мәліметтері педагогикалык мінездемемен толықтырылады.

Сөйлеу тілінің бұзылуы есту қабілетінің нашарлауына көп байланысты. Бұл екі келеңсіздіктің бірімен-бірі тығыз байланысты екеніне ата-аналар көңіл аудармайды, сондықтан да логопедтің алдына өтінішпен барған кезде баланың нашар еститінін көбінесе ескертпейді. Сондықтан сөйлеу тілін тексермес бұрын оның есту қабілетінің дұрыстығына көз жеткізіп алу керек. Егер баланың есту қабілеті  жөнінде отоларингологтан анықтама болмаса, онда оны логопед өзі тексереді. Есту қабілетін сыбырлап сөйлегенді ұғынуын талдау арқылы тексереді. Жеке сөзді немесе қысқа сөйлемді баланың құлағының түбінен бастап бірде қатты, бірде ақырын, бірде сыбыр дауыспен кезек-кезек біртіндеп алыстатып айта отырып есту қабілетінің шамасын әр түрлі қашықтықтан тексереді.

Есту кабілеті дұрыс бала, логопедтің 6-7 м. жерден сыбырлап айтқан сөзі мен қысқа сөйлемін жақсы естиді және қайталайды. Бала логопедтің сөзін теріс қарап тұрып қайталайды. Баланың есту кабілетін жақыннан бастап, сосын ара қашықтығын біртіндеп алыстата отырып тексереді. Тексеру жүргізетін бөлменің бұндай сынаққа ыңғайы келмесе, онда логопед керекті қашыктыққа сәйкес келетіндей етіп теріс қарап тұрып сөйлеп тексереді.

Құлағының жеңіл мүкістігі бар бала бір қалыпты дауыспен сөйлеген сөзді 6-дан 8 метрге дейінгі, ал сыбырлаған сөзді 3 метрге дейінгі қашықтықтан естиді. Құлағының мүкістігі ауыр баланың есту қашықтығының алшақтығы қысқарады және соған лайық сыбырлаған сөзді анық естуі мен оны қайталауы қиындайды. 1 метрге жетпейтін қашықтықта сыбырлаған сөзді анық түсіне алмаса, онда есту мүкістігінің  ауыр екендігін көрсетеді.

Тексеруге кірісерде логопед ең алдымен баланың сөйлеу тілінің толықтығы, анықтылығы, ырғақтығы, жатықтығын толығымен түсініп алуы керек.

Мектеп жасына дейінгі немесе мектеп жастағы балалардың сөйлеу тілінің жалпы жағдайынан түсінік алу үшін  қарапайым жеңіл әңгімесу өткізіледі. Атың кім? Әкеңнің аты кім? Анаңның аты кім? Қайда тұрасың? Әпкең, қарындасың, сіңлің, інің, ағаң бар ма? Олар туралы айтып бер. Мектепте кіммен достасып жүрсің? Бұл жерге немен келдің? Тағы қандай көлікті білесің? Сен хайуанаттар паркінде болдың ба? Қандай аңдарды көрдің? Солардың ішінде саған көбірек ұнағаны қандай аң болды? және т.б.

Әңгімені тек қана сұрак-жауаппен шектеп жүргізуге болмайды. Балаға бейнелі сурет бойынша қысқа әңгімені ауызекі айтып беруді ұсынады. Берілетін тапсырманың түрі мынандай болуы керек. «Мына бейнедегі суреттелген көріністерді айтып бер». Бала окиға желісін еркін әңгімелей алатындай етіп сюжетті суреттер баланың жас ерекшелігіне сай арнайы іріктеліп алынады.

Тексеру құралдарына сонымен бірге нақты бір оқиғаның желісіне құрылған жалғаскан бірнеше сюжетті сурет болуы керек.  Әрбір сюжетті сурет оқиға желісінің үзіндісін көрсетеді.  Ілеспелі сюжетті суреттер баланың алдына рет-ретімен жайып салынады немесе қалай болса солай ретсіз тасталынады. Бала оларды оқиға желісіне лайықтап реттейді де тізіп жаяды, сосын оларға қарап отырып өз сөзімен қиыстырып, бүтін бір әңгіме  құрастырып айтып шығады. Жалғасқан бейнелі суреттерді окиға желісінен реттеп тізіп жаюына қарап, олардан салихалы әңгіме құрап, жатык тілмен айтып беруіне карап, баланың ақыл-ойының деңгейін шамалауға болады.

Сюжетті сурет бойынша әңгімелеумен бірге, ертегі немесе бала өзі күнделікті естіп жүрген қарапайымдылығымен ерекшеленетін жеңіл әңгімені айтқызу тәсілін қолдану қажет.

Сұраққа жауап беру, бейнелі сурет бойынша әңгімелеу, ойға токыған әңгімесін еркін сөйлеп беру кездерінде логопед баланың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуында ақаулықтың бар-жоқтығын және сөйлеу тілінің жалпы анықтылығын, оның шапшандығын, жатықтығын, естіген әңгімесін өз сөзімен қайталап айтып бере алатындығын, әңгімелеу кезінде сөйлемнің қандай түрлерін пайдаланатындығын, сөйлем құрастыруда, сөз тандауда оларды орнымен қалай дұрыс пайдаланатындығын, сөйлемнің грамматикалық құрылысьнда сараланбаушылықтың (аграмматизм) бар жоғын, сонымен қатар баланың ой-өрісінің дамуы туралы да, мағлұмат алынып, болжау жасалады. Баламен алдын-ала әңгімелесу кезінде оның дыбыстарды айтуын қаншалықты меңгергенін және қандай ақаулықтардын бар екенін алдын ала білуге мүмкіндік береді.

******

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ САУСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМЫТУ

**САТМАҒАНБЕТОВА АЙДАНА МИРТАЙҚЫЗЫ**
*Ақтөбе қаласы “Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы*
*№66 жалпы білім беретін орта мектебі”” КММ*
*Мектеп алды даярлық сынып оқытушысы*

Мектеп жасына дейінгі баланың ой-өрісін кеңейту, оны мектепке даярлау сынды мәселелер ата-аналармен педагогтарды көптен бері толғандырып келе жатқаны аян. Сондай өзекті мәселелердің бірі – ұсақ моториканы дамыту мен саусақ қимылын үйлестіру болып табылады. Сөйлеу қабілетінің даму деңгейі саусақ қимылдарының дұрыс қалыптасуына тікелей байланысты екені белгілі. Біздің балабақшаның балалары ерекше көмек қажет ететін балалар. Сондықтан қолдың ұсақ моторикасының дамуына көп көңіл бөлінеді.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес, мектепке дейінгі балалардың саусақ моторикасын дамытуға әбден болады және бұл мәселені бірден қолға алған жөн. Балабақшада тәрбиенің ең маңызды құралы – еңбек. Қарапайым еңбек түрлері барлық топтарда жүргізіледі. Қол еңбегі балалардың ұсақ моторикасына көп әсерін тигізеді.

Мектепалды даярлық тобында мен балалармен тағы бір еңбек түрін қосымша алдым, ол түрлі-түсті жіптермен еңбек ету үйірме жұмысы. Түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу балаларға өте қызықты. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолданудың баланың шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын қалыптастыруда маңызы өте зор. Көркемдік іс-әрекеттің осы еңбек түрімен айналысуы, баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезінуін дамытады. Ең алдымен, жіптен жасалған суреттерге көңілдерін аударып таныстырдым. Балаларға ойын үшін қолдан тоқылған тоқыма бұйымдары өте ыңғайлы: оны созуға да, біріктіруге, ілгектерді бір-біріне қосуға да болады.

Жіптер созылады, бірігеді, сондықтан «сырнай» ойынын елестете аламыз.Түрлі-түсті жіптерді қатты қағазға жапсырып «Қонжыққа» арналған кілемше жасауға болады. Жіптерді қолмен ұстағанда жұмсақ па, үлпілдек пе, қалың ба, жұқа ма, суықпа екенін балалар ажырата біледі. Балаларды екі топқа бөліп, ойын жарыс ұйымдастыруға да болады: «Қай топ көбірек жіп орайды». Бала өзін сиқыршы сияқты керемет сезінеді. Бөлшек мата еді, одан жіп қана қалды. Әр түрлі жіптерді керегінше дайындап алып, түстерін атаймыз. Дайын элементтерді араластыра отырып, бала қиын композицияларды еш қиындықсыз орындай алады. Қатты қағазға дөңгелек тәрізді ПВА желімін қалың етіп жағамыз. Оның ортасына бір дөңгелек, бір түсті жіп саламыз. Басқа бір түсті бес дөңгелекті айналдыра саламыз және оларды санаймыз.

Тақпақ және санамақ айтамыз, сонымен, көктем гүлі дайын. Жұмысты күрделендіре отырып, «қоян»,«қар адам» фонын түрлі-түсті қатты қағаздар етіп, желімді қоянның денесіне ұқсастырып, оған жіп қиындысын саламыз. Көздерін, мұрнын, аузын жапсырамыз – ақ қоян сонымен дайын.

Еңбек жұмысын жүргізу барысында балалар қазақтың ұлттық оюө-рнектерімен, бұйымдарымен, қазақтың киімдері, бұйымдар ішінде көрпеше, тұскиіз, кілем сияқты ұлттық заттармен жақын таныстырылды. Балалар халықтың қолөнерінің алуан үлгілерімен танысты.

Жоғарыда айтып өткендей түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу барысында балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, шыдамдылық, төзімділік қасиеттері қалыптасады, бастаған жұмысын аяқтауға, еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылады. Балалардың еңбек еткенде, жіптерді таркатқанда қол қимылы ұсақ моторикасы дамиды. Еңбек ету жұмысы – бұл да басқа сабақтар сияқты балалардың ерте дамуына қажетті, өте маңызды жұмыстардың бірі. Балаға сөйлеу қандай қажет болса, еңбек ете білу де сондай қажет.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды халқымыздың ою-өрнегі, қолөнер мәдениетінің негіздерін балабақшадан жапсыру өнері сабақтарында үйрету – балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден бір жолы болып табылады. Соның бірі – ұлттық сәндік қол өнері. Көркем өнер балаларға қуаныш әкеледі, жағымды эмоциялық көңіл-күй қалыптастырады, шығармашылық қабілеттерінің, тілдерінің дамуына көмектесіп, қоршаған ортаға терең мән бере, қызыға карауына жетелеп, жақсылыққа үйреніп, әсемдікке талпындырады. Өнер әлеміне балаларды тарту, оларды жастайынан өнерге баулу – күрделі процесс болып саналады.

Түрлі-түсті жіптермен жапсыру жұмысында ұлттық заттарды қарап, талдап, түр-түсін, ою-өрнектерін атап, орналасуы жайында мағлұмат беріледі. Оқу іс-әрекеті барысында тақырыпқа сәйкес жаңа білім дағдыларын меңгерту алдында мына әдіс-тәсілдер қолданылады: көркем сөз (өлең жолдары, жұмбақтар, көркем өнер туындыларын әңгімелеу); дидактикалық ойын тапсырмалары: «ұлттық ою-өрнекті ата», «өрнекті құрастыр».

Түрлі-түсті жіптермен жұмыс істеу барысында тақырыптарды күрделілендіре отырып, балалар «аяққап», «дастарқан», «табақты өрнектеу», «әжеме орамал», «қамзолды әшекейлеу», «кілемше», «көрпеше»,т.б. тақырыптарында жапсыру жұмыстарын жасайды. Жапсыру жұмысында: анаға сыйлық, сәукеле, әдемі гүлдер, қуыршаққа көрпе құрап, қазіргі тұрмыста қолданылатын ұлттық бұйымдарды пайдалана салыстырып, айырмашылығын білуге үйренеді. Түрлі-түсті жіптермен еңбек ету оқу іс-әрекетінде алдын ала үлкен жұмыс жүргізіледі. Қол еңбегінен үйірме жұмысын ұйымдастыру барысында қолданылатын көркем сөздердің ұсынылуы да маңызды. Балалар жіппен жұмыс жасау арқылы өздері қарапайым тәжірибе жасауды да үйренеді. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің: баспамен, түр-түсті жіппен, тақшамен, желіммен, қажетсіз заттармен еңбек ету әдістері балалардың саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі бала үшін ерекше әсер етеді, шығармашылық қабілеттерін арттырып, эстетикалық талғамын дамытады. Қол еңбегімен айналысудың маңызы зор.

*******

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

**АҚЕДІЛОВА ЖҰЛДЫЗ МАРАТҚЫЗЫ**
*Ақтөбе қаласы "Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы*
*№6 6 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ*
*Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту мұғалімі*

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі олардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен тығыз байланысты. Баланың өмірі мен

денсаулығын қорғау ережелері мектепке дейінгі қызметкерлерге арналған арнайы нұсқаулықтар мен әдістемелік хаттарда баяндалған. Балабақшада балалардың дамуы мен денсаулығының жай-күйіне медициналық бақылау үнемі жүргізіледі, денсаулықты нығайту үшін алдын-алу шаралары жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың кешенді бағдарламаларының авторлары салауатты өмір салтын, тазалық пен дәлдікке деген қажеттілікті, мінез-құлық мәдениеті мен тәуелсіз моториканы қалыптастыруға көп көңіл бөледі. Балабақшадағы еңбек тәрбиесінің басты нысанасы- баланы сәбилік шағынан қарапайым еңбек дағдыларына баулу, еңбек туралы дұрыс көзқарас қалыптастыру.

Балабақшадағы еңбек тәрбиелік- білімдік жұмыс жүйесін ұйымдастырудың амалы ретінде маңызды орын алады. Бау- бақшада, гүлзарларда және табиғат мүйісінде үнемі жұмыс жасау өсімдіктер мен жануарларға деген ынта-ықыласты арттырады, балалардың табиғаттағы заттарды сүюіне және оларға ұқыпты карауына көмектеседі, еңбексүйгіштік пен басқа да адамгершілік саналарының қалыптасуына ықпал етеді.

Істелген істің мәнін, оның мақсатын жете түсінуі үшін балалардың қандай да болмасын бір тәсілді меңгеріп қана қоймай, оның неліктен керек екендігін де түсінгендері өте маңызды.

Баланың жеке басының еңбекке бейім болып өсуі оны еңбек тәрбиесіне баулуға тікелей байланысты. Балабақшадағы дұрыс ойластырылған еңбектің орны ерекше, мұндай еңбек тәрбиесі барысында бала дұрыс әрекет жасап айналадағы орта жайында алғашқы мағлұматтар алады, айналадағының бәріне қызыға қарайды, еңбекті жақсы көруге әдеттенеді.

Балабақшаның ересектер тобында тұрмыстық- шаруашылық еңбек пен табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды күту, гүл, жеміс, көкөністерді өсіру, т.б. еңбек түрлері жатады. Мұндай еңбек түрлері балалардың білім- құмарлық, бақылағыштық, табиғатқа жаңашырлық, ұйымшылдық сияқты адамгершілік қасиеттерін жетілдіреді.

Табиғат аясындағы еңбек тәрбиесі баланың айнала қоршаған орта туралы талғамын дамытып, әдемілікке әуестендіріп, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, ақыл-ойын, қиялын ұштап, ересектер еңбегін бағалауға үйретеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің басты міндеті — адамгершілік қатынастарды тәрбиелеу. Бұл қатынастардың қалыптасуы үшін адамгершілік тәрбиесінің компоненттерін білу қажет. Бұл ең алдымен адамгершілік сананы, адамгершілік сезімдерді, адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру. Адамгершілік білім беру жүйесінде бұл компоненттер бірлікте әрекет етеді. Тұлғаның адамгершілік және әлеуметтік дамуы іс-әрекетте жүреді, оның барысында балалар моральдық қатынастарға түседі. Қазірдің өзінде мектепке дейінгі жаста бұл қатынастар ересектердің белгілі бір ережелері, нұсқаулары мен талаптары негізінде құрылады. Адамгершілік тәрбие процесі, жоғарыда айтқанымыздай, баланың жеке басының әлеуметтік дамуынан тыс мүмкін емес. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі баланың эмоционалды саласымен, оның тәжірибесімен байланысты. Қайғы мен қуаныш, қуаныш пен ұялшақтық — мұның бәрі мектеп жасына дейінгі балаларға тән. Сондықтан балалардың адамгершілік тәрбиесі мен әлеуметтік дамуы әдебиеттерден, фильмдерден, қойылымдардан, қуыршақ театрын құрудан және т.б. жарқын мысалдарды қажет ететіні табиғи құбылыс. Адамгершілік тәрбиесі әр түрлі іс#шараларда тиімді өтеді, өйткені бұл баланың мінез-құлық белгілері мен жеке қасиеттерін қалыптастыруда із қалдыратын іс-әрекетке қатысуы.

Тәрбиешінің мінез — құлқы, оның балаларға деген көзқарасы, оған қойылатын талаптар баланың жеке басын қалыптастырады және баланың жеке басының жалпы бағыты өте маңызды-ол жасампаз, белсенді тұлға немесе тұтынушы, өзімшіл болып өсіп келе ме, өзі үшін мүмкіндігінше көп нәрсені алуға тырысады. Әр түрлі жастағы балалардың адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын жоспарлай отырып, мұғалім балаларға қандай адамгершілік қасиеттерді тәрбиелейтінін, қандай құралдар мен әдістерді қолданатынын ойлайды.

Сонымен, мақсаттылықты тәрбиелеу кезінде мұғалім балаларды өз іс-әрекетіне мақсат қоюға үйретеді, содан кейін балаларға осы мақсатқа қалай жетуге болатындығын айтады, тапсырманы орындаудың үлгісін береді, балалармен бірге мақсатқа жету жолдарын көрсетеді. Бірте-бірте балалар ойынның мақсатын, жұмыстың мақсатын өз бетінше қоюды үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар қарапайымдылықты тәрбиелейді, өйткені балалар көбінесе өздері мен ата-аналары туралы мақтанғанды, қиялдағанды ұнатады. Мұғалім балаға өз мүмкіндіктерін, қызметінің нәтижелерін сыни ұрғыдан бағалауға көмектеседі, балаларды өзінің қадір-қасиетін дұрыс бағалауға үйретеді. Позитивті моральдық қасиеттерді қалыптастыру тәрбиешілердің мақсатты дәйекті жұмысының нәтижесі болып табылады. Бұрыннан бар жағымсыз қасиеттерді жеңу үшін көп шыдамдылық қажет.

Баланың жаман мінез-құлқының себептері әртүрлі: баланың отбасындағы бүлінуі және, керісінше, оған назар аудармау; балаға шамадан тыс сүйіспеншілік, оның әр тілегін тез арада орындау және баланың үнемі жазалануы, талаптардың бірлігі мен реттілігінің болмауы.

Мұғалім баланың мінез-құлық нормасынан ауытқу себептерін анықтайды, онымен тәрбие жұмысының жолдарын анықтайды, мұндай баланың барлық жағымды көріністерін мұқият қадағалайды және мадақтау, көтермелеу, сенім және т. б. жүйесін қолданады.

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі мен әлеуметтік дамуы көп қырлы процесс болып табылады және тәрбиешілер мен мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің барлық қызметкерлерінің оны жүзеге асыруға шығармашылық көзқарасын талап етеді. Ақыл-ой тәрбиесі-бұл ең алдымен мектеп жасына дейінгі балалардың белсенді ақыл-ой әрекетін дамыту.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбие процесінің мазмұнына ақыл#ой тәрбиесі де кіреді. Ақыл-ой тәрбиесі міндеттерін іске асыруға дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін баланың ақыл-ой дамуының заңдылықтарын терең білу қажет. Дәл осы бағытта ғылыми психологтар мен педагогтар жұмыс істейді. Балалардың ақыл-ой дамуының жас ерекшеліктерін зерттеу балалардың қабілеттерін дамытудың заңдылықтары мен ерекшеліктерін, танымдық қызығушылықтарын, балалардың визуалды-бейнелі ойлауын, логикалық ойлаудың алғышарттарын анықтауға бағытталған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой дамуының барлық анықталған заңдылықтарының негізінде баланың жас ерекшелігінің әртүрлі кезеңдеріндегі ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны мен әдістері анықталады. Толыққанды ақыл-ой тәрбиесі тек педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған іс-әрекетте жүреді.

Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны: зияткерлік дағдыларды, қиялды, қабылдауды, есте сақтауды, ойлауды, қызығушылықты және ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Баланың ақыл-ой дамуы мен тәрбиесінің негізі сенсорлық білім болып табылады, ол ең алдымен сезім мен қабылдауды дамытуға бағытталған. Бала әлемді сезім мен қабылдау арқылы біледі. Сезімдер мен қабылдаудың даму деңгейі баланың танымдық іс-әрекетінің сәттілігін анықтайды. Сенсорлық білім мазмұнына визуалды сезімдерді дамыту кіреді: балаларға түстерді ажыратуға және атауға үйретіледі, реңктер туралы түсінік қалыптастырады, суретті қарау кезінде кескіннің көркемдік экспрессивтілігіне қалай қол жеткізуге болатындығын көру қабілетін дамытады.

Дыбыстардың, түстердің, реңктердің, пішіндердің ұзақтығы мен күшін ажырата білу музыкалық шығармаларды, кескіндемені жақсы түсінуге, музыканы тыңдаудан, өнер туындыларын қарастырудан эстетикалық ләззат алуға мүмкіндік береді. Сенсорлық білім есту сезімталдығын дамытуды, Қоршаған ортадағы дыбыстарды тыңдау және ажырата білуді, сөйлеу есту қабілетін дамытуды қамтиды. Балаларда сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, мектеп жасына дейінгі балаларды сөздің дыбыстық құрылымын талдауға үйрету, сөйлеуде өз сезімдерін көрсету, әдеби кейіпкерлердің өмірі мен өмірінен, әсіресе ертегілерден оқиғаларды баяндау және қайталау кезінде эмоционалды жағдайды түсіну өте маңызды.

Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұнына қарапайым математикалық идеяларды дамыту және дизайн кіреді. Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық дайындығына есептеуді үйрету, сандық көріністерді дамыту, қарапайым арифметикалық есептерді шешуге және құрастыруға үйрету кіреді.Ойын барысында, сабақтарда және топ жұмысының режимдік сәттерінде балалар заттардың орналасуын, бағытын, ұзындығын анықтауды үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың барлық кешенді бағдарламаларында ақыл-ой тәрбиесі мен дамуы міндетті түрде математикалық идеялар мен ұғымдарды дамытуды қамтиды. Мұны күнделікті өмірде, серуендеу кезінде, дидактикалық ойындарда және арнайы сабақтарда жасау ұсынылады. Логикалық ойлаудың алғышарттарын дамыта отырып, тәрбиешілерге питомниктер, жұмбақтар, тілдік бұрылыстар, әртүрлі геометриялық жұмбақтар, дизайнерлермен жұмыс жасау ұсынылады.

Жалпы, ақыл-ой тәрбиесі үшін баланың интеллектуалды дамуына және оның жеке интеллектуалдық белсенділігіне көмектесетін көптеген құралдар қолданылатындығын анықтауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тәрбиелеу балалардың белсенділікке, тәуелсіздікке ұмтылуына негізделген. Еңбек қызметінің элементтері және олардың белсенді қызметке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Баланы еңбектің мақсаты емес, оның нәтижесі емес, процестің өзі қызықтырады.

Бұл балалар жиі төселіп, бір еңбек қызметін, лақтырып және жеткізеді, оның соңына дейін. Тәрбиешінің міндеті-кез-келген жұмыстың түпкілікті нәтижесіне балалардың тұрақты қызығушылығын қалыптастыру. Бұл балада еңбекқорлықты дамытуға ықпал етеді. Кішкентай кезінен бастап баланы ойыншықтармен ұқыпты ұстауға үйретеді, оларды жөндеуге, орнына қоюға үйретеді.

Бұл алдымен ересектердің басшылығымен жүреді, содан кейін балалар бұл жұмысты өздері жасайды. Демек, ересектердің басшылығымен балалар еңбек туралы, ойыншықтарды, ұшақтарды, машиналарды, нан пісіруді және т.б. кім және қалай жасағандығы туралы

білім алады. Мұндай танысу балаларды басқа адамдардың жұмысына құрметпен қарауға тәрбиелейді, адам жасаған барлық нәрсеге ұқыпты қарауға үйретеді. Бұл жұмыс қиын, өйткені бала өмірде материалдық құндылықтарға теріс көзқарасты көреді. Сондықтан тәрбиешінің тағы бір міндеті-әр адам үшін, отбасы мен мемлекет үшін жасалған материалдық құндылықтардың маңыздылығын ашу. Мұғалім балалардың топта жұмыс істеу қабілетін дәйекті және табанды түрде қалыптастырады. Дәл осы бірлескен қызмет мектепке дейінгі балалар оқиды бөлуге міндеттерін, тапсырмаларын орындауға сверстника немесе аға жасы бойынша. Бірлескен іс-әрекетте балалар басқа, достық қарым-қатынастарға көмек көрсетуді үйренеді. Егер еңбек дұрыс ұйымдастырылса, бала физикалық күш пен ерік-жігерді дамыта отырып, белгілі бір күш жұмсайды.

******

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІ

**ТЕМІРБАЙ САУЛЕ АСҚАРҚЫЗЫ**
*Ақтөбе қаласы "Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы*
*№ 66 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ*
*Мектепалды даярлық сыныбы мұғалімі*

Қазіргі таңда педагогикалық үдеріс барысында болса, жалпылама айтқанда қоғамда болып жатқан өзекті мәселелердің бірі, ол- бала тәрбиесі. Ал, тәрбие дегеніміз не?

Тәрбие деп отырғанымыз өскелең жас ұрпақты болашақ өмірге дайындаудың барлық жақтарын қамтитын, сонымен қатар қазіргі қоғамның қояр талаптарына тәуелді болып келетін күрделі үдеріс. Тәрбиенің өзіне ғана тән ұйымдастыру формалары, қағидаттары мен заңдылықтары бар.

Ал тәрбие заңдылықтары дегеніміз оқыту процесінде орын алатын құбылыстар мен үдерістердің объективті тұрғыдағы өзара байланысы болып табылады. Мәселен, тәрбиенің өзін қоршаған қоғамдық ортаның субъективті және объективті факторларына өзінше тәуелді болуы, жеке тұлға ретінде дамып- өсуі мен тәрбиенің тепе-теңдігін, білім алушылардың ,яғни тәрбиеленушілердің әрекеттерін қазіргі қоғамға сай, әрі пайдалы етіп ұйымдастыру

Өмірде әрбір баланы тәрбиелеудің мән-маңызын, мазмұнын жіктеп көрсету жетекші орында.

Қазіргі таңда білім беру мазмұнының тұжырымдамасына сәйкес тәрбие мазмұнының алты қырына баса назар аударады:

- Ақыл-ой тәрбиесі
- Имандылық тәрбиесі
- Еңбек тәрбиесі
- Эстетикалық тәрбие
- Дене тәрбиесі
- Тілдік қатынас тәрбиесі.

Аталмыш тәрбие түрлерінің басты мақсаты осы дүние болмысы мен шындығын өз пайымдауынша түсінетін, танитын, эстетикалық сезімі талғамның жоғарылығының қатар жүруі, кез-келген іс-әрекетке толықтай жарамды болуы, өзін қоршаған ортадағы адамдармен жақсы тілдік қарым#қатынас орнатып, қай кезде болмасын үлкенге құрметін, кішіге қамқорлығы мен кішіпейілділігін, ізеттілігін көрсете алатын болашақ жас ұрпақты тәрбиелеу. Сонымен қатар бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сана, қайырымдылық сынды сезімдерді қалыптастыра білу аса маңызды рөлге ие. Себебі әрбір адамзат баласы өз ана тілінде, өз жұртының тәрбиесін алу арқылы өзге шет ел азаматтарына өзінің қандай даму үстінде екенін көрсете алады.

Бұл деп отырғанымыз осынау тәрбие саласындағы өзін-өзі көрсету, не болмаса өзін дәріптеу сынды ұғым емес, керісінше өз халқының салт-дәстүрін, тілі мен дінін, тарихы мен болмысын терезесі тең ұлт ретінде өзге ел азаматтарына таныта білу, сол бір қасиеттерін мақтан тұту.

Тәрбие процесінде балалар тәрбиенің объектісі де, субъектісі де болып табылады.

Тәрбиешіге қатысты бала ересек адамның әсеріне бағытталған объект ретінде әрекет етеді, ал өзі құрдастарына және басқа балаларға қатысты тәрбие субъектісі ретінде әрекет ете алады. Мысалы, ойын барысында бала басқа балаларға ойын ережелерін орындауды талап етеді;

осы балаларға қатысты ол тәрбиенің өзіндік субъектісі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу процесі ұзақ және үздіксіз, оның нәтижесі бірден көрінбейді. Тек балабақшаның үлкен тобында тәрбиешінің, музыка қызметкерлерінің, дене шынықтыру мұғалімінің жұмысының нәтижелері аз немесе аз айқын көрінеді. Тәрбие нәтижесіне оқушылардың, олардың отбасы мен қоршаған ортасының өмірлік тәжірибесі үлкен әсер етеді. Сондықтан, тәрбие процесін ұйымдастыруда тәрбиеші балаға теріс әсер етуі мүмкін факторларға ерекше назар аудара отырып, тәрбиелік әсердің барлық жиынтығын, олардың өзара байланысын ескеруі керек.

Тәрбиешілердің міндеті-тәрбие процесі барысында жеке тұлғаға бағытталған педагогика туралы ұмытпай, оқушылардың қалыптасқан қарым-қатынасын мақсатты және саналы түрде бағыттау. Тәрбие процесі өзгеріссіз қалады, ол үнемі дамып, өзгеріп отырады. Бұл балалардың жасына, жеке ерекшеліктеріне, психологияның, физиологияның және педагогиканың жаңа теориялық ұстанымдарына байланысты. Тәрбие процесіндегі барлық қарама-қайшылықтар шешілуге тиіс. Қарама#қайшылықтарды жеңу баланың дамуы мен тәрбиесіне ықпал етеді. Балаларды тәрбиелеу мен дамытудың бүкіл жүйесі педагогика ғылымы қабылдаған тәрбие принциптерін анықтайды

*****

## ТАРИХ САБАҒЫНДА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

**ИГИСЕНОВА ГАУХАР ЖАНГИРХАНОВНА**
*Тарих пәні мұғалімі*
*Ақтөбе қаласы ЖББОМ № 53 КММ*

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, XXI ғасырдың алғашқы жылдарының бірі – «Білім – бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім – бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады.

Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал казіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған.

Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден – бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді. Біздің міндетіміз-оқушыға оны бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Тарих – мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана – сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады.

Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу.

Заманауи әдіс-тәсілдер сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді.

Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді , сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды. Оқушы бұрын тек тындаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Тақырыпты мұғалім түсіндіріп оқып бермейді. Тақырып бойынша оқушылар өздері жұмыс істейді және топпен жұмыс жасап белсенділік көрсетуге жағдай жасалады.

Тарих сабағын оқыта отырып, жаңа иновациялық технологияларды тиімді пайдаланып,өзіндік жұмыс және тарихи диктант,тірек сызбалар,кластерлер, хронологиялық таблицалар, пікірталас сынақ осы тәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданған тиімді. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Бірақ шамадан тыс тапсырмалар беруден сақтану керек, ең басты оқиғалар мен фактілерді ғана білуі керектігін ескеріп, нақты тапсырмалар берген жөн. Сондай-ақ, күнделікті сабақта оқушылардың білімін бағалауға да тигізер көмегі көп.

Сабақта жаңа технология әдіс – тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар:

Оқушының оқуға деген ынтасы артады;

Әр оқушының жеке қабілеті айқындалады;

Үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туады; Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады;

Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;

Оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді.

## ОСВОЕНИЯ ОБУЧАЮЩИМИСЯ ОСНОВНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ

**КАСЕНОВА МАРЗИЯ ЖУМАШЕВНА**
*Учитель русского языка и литературы*
*Педагог-исследователь. Стаж работы - 34 года*
*Алматинская область Талгарский район село Панфилово*
*КГУ "Средняя школа № 33"*

Планируемые результаты освоения основной образовательной программы начального общего образования к результатам обучающихся, освоивших основную образовательную программу. Они представляют собой систему обобщенных личностно ориентированных целей образования, допускающих дальнейшее уточнение и конкретизацию, что обеспечивает определение и выявление всех составляющих планируемых результатов, подлежащих формированию и оценке.

Планируемые результаты:

– обеспечивают связь образовательной деятельностью и системой оценки результатов освоения основной образовательной программы начального общего образования, уточняя и конкретизируя общее понимание личностных, метапредметных и предметных

результатов для каждой учебной программы с уч6том ведущих целевых установок их освоения, возрастной специфики обучающихся и требований, предъявляемых системой оценки;

– являются содержательной и критериальной основой для разработки программ учебных предметов, курсов, учебно-методической литературы, а также для системы оценки качества освоения обучающимися основной образовательной программы начального общего образования. В соответствии с системнодеятельностным подходом содержание планируемых результатов описывает и характеризует обобщенные способы действий с учебным материалом, позволяющие обучающимся успешно решать учебные и учебно-практические задачи, в том числе задачи, направленные на отработку теоретических моделей и понятий, и задачи, по возможности максимально приближенные к реальным жизненным ситуациям. Иными словами, система планируемых результатов дает представление о том, какими именно действиями – познавательными, личностными, регулятивными, коммуникативными, преломленными через специфику содержания того или иного предмета – овладеют обучающиеся в ходе образовательной деятельности. В системе планируемых результатов особо выделяется учебный материал, имеющий опорный характер, т. е. служащий основой для последующего обучения. Структура планируемых результатов учитывает необходимость:

– определения динамики развития обучающихся на основе выделения достигнутого уровня развития и ближайшей перспективы — зоны ближайшего развития ребенка;

– определения возможностей овладения обучающимися учебными действиями на уровне, соответствующем зоне ближайшего развития, в отношении знаний, расширяющих и углубляющих систему опорных знаний, а также знаний и умений, являющихся подготовительными для данного предмета;

– выделения основных направлений оценочной деятельности — оценки результатов деятельности систем образования различного уровня, педагогов, обучающихся. С этой целью в структуре планируемых результатов по каждой учебной программе (предметной, междисциплинарной) выделяются следующие уровни описания. Ведущие целевые установки и основные ожидаемые результаты изучения данной учебной программы.

Их включение в структуру планируемых результатов призвано дать ответ на вопрос о смысле изучения данного предмета, его вкладе в развитие личности обучающихся. Планируемые результаты представлены в первом, общецелевом блоке, предваряющем планируемые результаты по отдельным разделам учебной программы. Этот блок результатов описывает основной, сущностный вклад данной программы в развитие личности обучающихся, в развитие их способностей; отражает такие общие цели образования, как формирование ценностных и мировоззренческих установок, развитие интереса, формирование определенных познавательных потребностей обучающихся.

# ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ
## В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

**КОШИМОВА ЭЛЬВИРА КЕНЕСОВНА**
*Учитель русского языка и литературы*
*Педагог-исследователь*
*Алматинская область Талгарский район*
*Село Панфилово КГУ «ОСШ № 33"*

Под понятием «педагогическая технология» подразумевается определенное нормированное устройство учебного процесса (форма организации, содержание, методы подготовки, продукты и результаты на выходе) или учебной деятельности, которое целевым образом меняет студентов или позволяет им измениться самостоятельно. Каждая конкретная технология имеет собственное назначение, границы применения и возможности в инновационной подготовке.

В настоящее время в условиях современного образования методика обучения переживает сложный период, связанный с изменением целей образования, разработкой Федерального государственного образовательного стандарта нового поколения, построенного на компетентностном подходе. Трудности возникают и в связи с тем, что в базисном учебном плане сокращается количество часов на изучение отдельных предметов.

Все эти обстоятельства требуют новых педагогических исследований в области методики преподавания предметов, поиска инновационных средств, форм и методов обучения и воспитания, связанных с разработкой и внедрением в образовательный процесс современных образовательных и информационных технологий.

Основой целью среднего профессионального образования является подготовка квалифицированного специалиста, способного к эффективной профессиональной работе по специальности и конкурентного на рынке труда.

Безусловно, каждому преподавателю хотелось бы, чтобы его предмет вызывал глубокий интерес у студентов, чтобы они умели не только бездумно писать лекции, но и понимать о чем идет речь, умели логически мыслить, чтобы каждое занятие было не в тягость, а в радость и студентам и преподавателю.

Мы привыкли, что преподаватель рассказывает, а ученик слушает и усваивает, но слушать готовую информацию — один из самых неэффективных способов обучения. Знания не могут быть перенесены из головы в голову механически (услышал — усвоил). Следовательно, необходимо сделать из ученика активного соучастника учебного процесса. Ученик может усвоить информацию только в собственной деятельности при заинтересованности предметом.

Поэтому преподавателю необходимо забыть о роли информатора, он должен исполнять роль организатора, координатора познавательной деятельности студента, и организовать на занятии для студента все виды учебно-познавательной деятельности.

Вопросы активизации учения учащихся относятся к числу наиболее актуальных проблем современной педагогической науки и практики.

Ключевой проблемой повышения эффективности и качества учебного процесса является активизация учебной деятельности учащихся.

Каким же образом активизировать учащихся на уроке?

Известно, что обучение, как и всякий другой процесс, связан с движением. Движение в процессе обучения идёт от решения одной учебной задачи к другой, продвигая ученика по пути познания: от незнания к знанию, от неполного знания к более полному и точному. Обучение не должно сводиться к механической "передаче" знаний, так как обучение является двусторонним процессом, в котором тесно взаимодействуют педагог и ученик: преподавание и учение.

Отношение учащихся к учению характеризуется активностью.

Активность определяет степень "соприкосновения" обучаемого с предметом его деятельности. В структуре активности выделяются следующие компоненты:

- Готовность выполнять учебные задания;
- Стремление к самостоятельной деятельности;
- Сознательность при выполнении заданий;
- Систематичность обучения;
- Стремление повысить свой личный уровень.

С активностью непосредственно связана ещё одна важная сторона мотивации учения учащихся, это самостоятельность.

Познавательная активность и самостоятельность неотделимы друг от друга: более активные школьники (в плане учебной деятельности), как правило, и более самостоятельные.

Управление активностью учащихся традиционно называют активизацией. Активизацию можно определить как постоянно текущий процесс побуждения учащихся к энергичному, целенаправленному учению, преодоление пассивной стереотипной деятельности, спада и застоя в умственной работе.

*****

## ФИЗИЧИСКИЕ И ХИМИЧЕСКИЕ ЯВЛЕНИЯ

**БЕЙСЕКЕЕВА ГУЛЬНАР ТОЛЕУОВНА**
*Учитель географии. Учитель-исследователь*
*г. Алматы, Ауэзовский район, КГУ ОШ №116*

| | | |
|---|---|---|
| **Раздел** | **5.2А Вещества и материалы** | |
| **ФИО педагога** | **Бейсекеева Гульнар Толеуовна** | |
| **Дата: 21.11.2023г** | | |
| **Класс: 5а** | **Количество присутствующих:** | **отсутствующих:** |
| **Тема урока Lesson Study** | Физические и химические явления | |
| **Цели обучения, которые достигаются на данном уроке** | 5.3.1.4 – различать физические и химические явления | |
| **Цель урока**<br><br>**Цель ООП** | ***Все учащиеся смогут:***<br>умения выделять явления и находить различия между ними.<br>осознание того, что вокруг происходят явления.<br>***Большинство учащихся будут уметь:***<br>Научиться различать явления природы. Выявить различия между химическими и физическими явлениями. Обобщить знания о свойствах веществ.<br>***Некоторые учащиеся смогут:***<br>проверить умение применять теоретические знания на практике;<br>-Различает физические и химические явления, приводит примеры | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Критерии успеха** | Познакомиться с физическими и химическими явлениями протекающими в природе; научиться находить отличия и сходства физических и химических явлений, которым подвержены встречающиеся в природе тела и вещества<br>знают явления физические и химические, умеют приводить примеры физических и химических явлений, различать их. | | | |
| Ход урока | | | | |
| **Этапы урока** | **Деятельность учителя** | **Деятельность обучающихся** | **Оценивание** | **Ресурсы** |
| 15-20 мин | Организационный момент<br>***Цель этапа:*** Приветствует учеников, проверяет готовность к уроку, желает успеха. *Психологический настрой* (сформировать в группе атмосферу взаимной поддержки).<br>***Проверка пройденного материала. Работа в группах***<br><br>**1 группа**<br>***Задание***<br>*С помощью предложенных слов и рисунка составьте правильную последовательную логическую цепь, подготовьте устный рассказ*<br><br>Виды частиц-вещество-тело-мельчайшие частицы<br><br>**2 группа**<br>Расположение частиц в веществах-агрегатное состояние веществ-схема1-схема 2 – схема 3<br> | Настраиваются на положительный настрой урока.<br><br>Выполняют задания в группах, соблюдая правила работы в группах<br><br>Учащиеся работают по дескрипторам<br><br>Внимательно слушают выступления групп, оценивают по критериям<br><br>**Критерий оценивания:**<br>**3 группа**<br>-знает 3 агрегатные состояния тел (1б)<br>- дает определение «диффузия» (2б)<br>-рассмотрев рис отмечает, что диффузия в твердых телах протекает очень медленно (1б) | Взаимооценивание<br><br>**Критерий оценивания:**<br>**1 группа**<br>- рассматривает рисунок (1б)<br>-знает, что такое тело (1б)<br>- представляет, что тела состоят из веществ (1б)<br>- приводит пример из рисунка (1б)<br>-приводит собственный пример (2б)<br>-вещества состоят из молекул (1б)<br>- вещества состоят из атомов (1б)<br>- схематично показывают молекулы (1б)<br>- схематично показывает атомы (1б) | лист А4, карандаш, линейка<br><br>Во всех группах к задании прилагается дескрипторы, критерии оценивания<br><br>**Стратегия «Толстые и тонкие вопросы», критическое мышление** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3 группа (учебник с.62)**<br>Диффузия-3 агрегатное состояние веществ-пример 1-пример 2- пример 3<br><br><br>**4 группа (учебник с. 63-66)**<br>Распределите предложенные свойства веществ (цвет,блеск,запах, растворимость, способность веществ вступать в химические реакции, теплопроводность, текучесть, ковкость, температура кипения)<br>Свойства веществ<br>химические<br>физические<br>**5 группа**<br>**Установите соответствие веществ и их свойств.**<br>**Вещества.**<br>**Свойства веществ.**<br>1. Пластилин<br>а. Газы не сохраняют формы и занимают весь<br>2. Железо<br>объем.<br>3. Молоко. б. Пластичность<br>4.Воздух. в. Упругость .<br>5.Кислород г. Жидкости сохраняют объем, но не сохраняют форму<br>6.Резиновая лента д. Жидкости обладают свойством текучести.<br>7.Древесина. ж. Твердые тела сохраняют форму и объем.<br>8. Вода.<br>9. Камень.<br>10. Воск.<br>*Ответ запишите так*: 1-б; и т.д<br>*Дескрипторы: 1 группа* | - приводит пример с золотом и свинцом, напоминают *5 лет(1б)*<br>-диффузия в жидких веществах требует времени,можно ускорить повысив t, помешивая и т.д (2б)<br>- приводит пример диффузии в жидкости (1б)<br>-диффузия в газах очень быстро (1б)<br>- приводит пример диффузии в газах (1б)<br>**Критерий оценивания:**<br>**4 группа**<br>**-** видит схему (1б)<br>- открывает с.63-66 учебника (1б)<br>-вспоминает, что такое физические свойства (1б)<br>-вспоминает, что такое химические свойства (1б)<br>-дополняет схему 8 примерами физических свойств (4б)<br>- дополняет схему 1 примером химических свойств (2б)<br>**Критерий** | **Критерий оценивания:**<br>**2 группа**<br>- называет 3 агрегатные состояния веществ: твердые, жидкие, газообразные (3б)<br>- для ответа использует рисунок (1б)<br>- показывает по рис-близко расположены молекулы (2б)<br>- показывает по рис-молекулы расположены на небольшом расстоянии (2б<br>- показывает по рис-молекулы расположены на большом расстоянии (2б) | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - рассматривает картинку<br>-представляет, что такое физическое тело<br>-понимает, что тела состоят из веществ<br>-вещества состоят из частиц<br>- знает, из каких частиц<br><br>*Дескрипторы: 2 группа*<br><br>-знает 3 агрегатные состояния веществ<br>- рассматривает рисунок<br>-понимает, как располагаются частицы в твердых телах<br>- понимает, как располагаются частицы в жидких веществах<br>- понимает, как располагаются частицы в газообразных веществах<br><br>*Дескрипторы: 3 группа*<br><br>-знает 3 агрегатные состояния веществ<br>- представляет, что такое диффузия<br>- рассматиривает предложенный рис и рис в учебнике<br>-рассказывает, как происходит диффузия в твердых телах, приводит пример<br>- рассказывает, как происходит диффузия в жидких веществах, пример<br>- рассказывает, как происходит диффузия в газообразных веществах, пример<br>*Дескрипторы: 4 группа*<br>- внимательно читает задание<br>-открывает рекомендуемые страницы в учебнике<br>- вспоминает, что вещества обладают физическими и химическими свойствами<br>- дополняет схему физическими свойствами<br>-дополняет схему химическими свойствами<br>*Дескрипторы: 5 группа*<br>- знакомится с содержанием задания<br>-понимает, как записывать ответ<br>- понимает, что свойства подходят нескольким веществам<br>- правильно записывает ответы | **оценивания:** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Физминутка** | **5 группа**<br>**Ответ:**<br>-1,10-ж (2б)<br>-2,7,9-ж (3б)<br>-3,8-г,д (2б)<br>-4,5-а (2б)<br>-6-в (1б) | | |
| **Актуализация опорных знаний учащихся (15 мин)**<br><br>**Этап закрепления (5мин)** | Окружающая нас природа постоянно изменяется, все процессы, происходящие в ней, называются явлениями.<br>- Какие явления природы вам известны?<br>Верно, все это явления природы. Они отличаются друг от друга? Чем отличаются? (происхождением)<br>Явления:физические химические<br>В ходе просмотра презентации вспоминаем, что такое<br>Физическое явление- при которых меняется состояние и форма веществ (тел), но сохраняется состав<br>Вспоминаем виды физических явлений (метеорологические, тепловые, световые, электрические, магнитные, биологические, звуковые)<br>Химическое явление – это превращение веществ, в результате которого образуется одно или несколько новых веществ.<br>Когда происходит получение нового вещества т.е химическая реакция сопровождается признаками (запах, выделение газа, изменение цвета, образование осадка, выделение тепла)<br>**Демонстрация опыта (правила ТБ)**<br>**Опыт 1.**<br>Листок бумаги смять, порвать-физическое явление, сжечь-химическое явление<br>**Опыт 2**<br>Греем сахар, как изменится? Какое это явление?<br>Опыт 3<br>К хлорид натрию капаем индикатор, меняется цвет. Это…………явление<br>Индивидуальная работа | Устно отвечают на вопросы, с объяснением, могут подтвердить примером<br><br>Учащиеся высказывают свои предположения, аргументируют ответы | Стратегия «Верно - не верно»<br><br>Словесная оценка учителя<br>**Стратегия «Стикер»**<br>За ответы даются стикеры разных цветов и значения | Интерактивная доска<br><br>*Презентация*<br><br>На доске стикеры разных цветов и соответствующие цвету баллы |
| **Подведение итогов** | **Рефлексия:**<br>-Какой материал урока был интересным для вас? | Ученики показывают | Самооценивание | Дерево пожеланий, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **урока (5 мин)** | -Какой материал вызвал сложность в освоении? | умение обосновывать свое понимание<br><br>Записывают д.з. | | стикеры |

**Lesson Study**-это педагогический подход, представляющий собой особую форму исследования в действии на уроках, направленную на совершенствование знаний в области учительской практики. Это цикл, включающий не менее трех уроков, совместно планируемых, преподаваемых, наблюдаемых и анализируемых группой учителей.

«Команда развития» школы №116 решила посмотреть учащихся 5-х классов в адаптационном периоде, так как, после начальной школы у учащихся снижается успеваемость, достаточно тяжело привыкают к требованиям учителей предметников, подводит и дисциплина.

В связи с этим было принято решение о проведении серии уроков Lesson Study в 5 «А» классе по разным предметам, в частности по естествознании. Вместе разработали план урока, были отобраны учащийся уровня А, В, С для наблюдения, одним из таких учеников был ребенок с особыми образовательными потребностями, накануне взяли интервью о предстоящем уроке.

Важным моментом данного урока было-развитие навыков работы в группе, понимание темы и применение знаний и умений в жизни.

Урок естествознания был проведен самым первым из серии уроков, были «+» и «-», цель урока была достигнута, учащиеся легко различали физические и химические явления. Работа в группах позволила детям высказаться, поговорить друг с другом, даже поспорить. Конечно были и такие, кто молчал, пока не спросишь, были примеры, когда лидеры не давали возможность проявить себя, так как по времени не успевали, не всегда внимательно слушали представителей других групп, хотя знают правила работы в группах.

В интервью после урока многим понравился урок, особенно этап изучения новой темы-демонстрация опыта, но был ребенок, которому не нравится работать в группе, уровень С, ему комфортно работать одному.

Вывод: продолжать проведение уроков Lesson Study, отработать западающие моменты с серии уроков, охватить всех учащихся, заинтересовать их дифференцированными заданиями, играми, направленные на повышение интереса к учебе.

*****

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

**ЖҰМАБАЕВА ЛАУРА ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ**
***Бастауыш сынып мұғалімі***
***Ақтөбе облысының білім басқармасы***
***Байғанин ауданының білім бөлімі ММ***
***“Сағыз орта мектебі” КММ***

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе шет тілін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады.

Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі.

Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:
- оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады. Жаңаша оқыту технологиялардың бірі — «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы — технологиялардың ішіндегі шоқтығы биік, ерекшелігі мол, құнды технология.

Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Біз күнделікті оқу іс-әрекеттерін Тэй-тэй технологиясының элементтерін пайдалана отырып,орталықтарға бөліп ұйымдастырамыз,бұл технологияның тиімділігі балалардың қай салаға жақын екендігі айқындалып,ата-анамен байланыс нығаяды.Сонымен қатар түрлендіріп қойылым ойындарын көптеп қолданамыз,бұл ойынның мақсаты бала белгілі –бір бейнені орындай отырып,өзіне деген сенімділік пайда болады.Баланың жан-жақты дамуында дамытушы ортаның маңызы зор.

Қазіргі таңда балабақшамызда Монтессори технологиясына көптеп көңіл бөлініп,арнайы бөлме дайындалып жасақталуда.

Монтессори технологиясын қолдану арқылы балалардың қол маторикасын дамытып,өз беттерінше жұмыстар атқарып,қиыншылықтарды жеңе білуге,еркін ойлауға тәрбиелейміз. Кез-келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық психологиялық,педагогикалық шеберлікті,бала дүниетанымын терең танып,ұғына білуді мақсат етеді.Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану және оны ұйымдастыруға ақпарат құралдары да,талапқа сай болу қажет.

Қазіргі таңда ешбір жас ұрпақ білімсіз болып қалмауы тиіс.Міне,жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты құзіреттілігін дамытып,білімді ұрпақ тәрбиелейді.Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар.Бала толыққанды жетіліп,ата-анамен байланыс күшейеді.Жаңа технологиялар бала бойына білімге әуестік,білімқұмарлыққа баулуы тиіс.Білім беру үрдсіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып,жаңаша көзқараста,жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп,баланың өмірін жаңаша ортада,жаңа бағытпен ұйымдастыру.

Бала құзіреттілігінің белсенді дамуы балабақшадан бастау алады.

Бұл бастаманың негізгі міндеті балаларды заман талабына сай,әлемді шынайы қабылдауға дайындау.Болашақта балалар өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге,шешім қабылдауы тиіс.Ендеше баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамыту мен шығармашылық ізденіс дағдыларын үйренейік,үйретейік.

«Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында білім беріп, икем, дағды қалыптастырып қана қоймай, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етіп, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауға болады екен. Әр баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану осы жүйені қолдану барысында ойдағыдай жүзеге асырыла бастады.

Сабақта оқушылар мәтіннің өзімен бірнеше жұмыс жүргізе алуларына болады. Мысалы: жалпы, СТО ойлау бағдарламасында мұғалім жұмысында көбіне топтық, жеке, жұп бойынша жұмыстар жүргізіледі. Мұғалім әр оқушының білім алуға бағытталған іс-әрекетін бақылауға алады. Оқушы жұмыстары жеке жинақ, папкаларда көрсетіледі. Мұғалім тек бағыттаушы ретінде қызмет жасайды, оқушылар жаңа сабақ, ақпараттарды өз бетінше меңгереді. Сыныптағы оқушылар өзгерісі — оқушылардың жаппай тілдік әрекетке түсуі, әрине, таза ағылшын тілінде сөйлемегенмен, көбіне ағылшынша сұрақтар қойып, оған жауап беруге тырысады. Оқушылардың ойлау деңгейлері әлдеқайда жоғарылайды. Белсенділік танытып қызығушылықпен жұмыс жасап жатқанда, тіпті кейде қоңыраудың соғылғанын байқамай да қалады.

Білім сапасы бұл сыныптарда көтеріліп келеді. Сабаққа нашар деген оқушылардың да көзқарасы өзгерген, оларда талпыныс, құштарлық, ынта-жігерлері қалыптасып келеді.

Елбасының Қазақстан халқына 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауында «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі — бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сақтау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек» делінген.

Ақпараттық технология — ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер — технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған. Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтаған шағында шетел тілі сабақтарында көрнекіліктердің қай түрі болсын молынан пайдалану мүмкіндігі бар. Яғни, оқытудың мұндай жүйесінің құралы компьютер болып табылады.

*****

**АБДУКАРИМОВА АЙНУР МЫНЖАСАРОВНА**
***Түркістан облысы, Шардара қаласы № 16 колледж***
***Өндірістік оқыту шебері***

**Сабақтың тақырыбы: Жағаны мойын ойындысына қосып.**
**Модуль/пән атауы: КМ 01. Заманауи технологиялық тігін жабдықтарында жұмыс**
КМ 01. Өндірістік оқыту
**Дайындаған өндірістік оқыту шебері:** Абдукаримова А
30.11.2023 жыл

1. **Жалпы мәліметтер:**

Курс: II Т-53
Сабақ түрі: Аралас сабақ

2. **Мақсаты. Міндеттер**

***2. 1. Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі:***

Білім алушылар жағаны пішіп тігуді меңгереді. Жағалардың түрлерімен танысады. Сән әлемінде, киім үлгісінде жағаның түрлерін орынды пайдалана біледі. Муляж әдісімен сәндік авангард жағаларды құрайды.

**3. Сабақты жабдықтау:**

**3.1.Оқу – әдістемелік құрал-жабдықтар:**

Модельдер нобайы, артқы бойдың, алдыңғы бойдың, жеңнің, белдемшенің 1:4 масштабтағы сызбалары, сызғыш, қарындаштар, қайшы, түсті қааз т.б. қыз балалардың, әйелдердің жеңіл көйлегін үлгілеудің кейбір нұсқалары.

**Әдебиеттер:** Тігін өндірісінің технологиясы. Оқулық; Э.К. Амирова. «Академия-2016» баспасы; Тігін өндірісінің жабдықтары. Оқулық; А.Оралбекова, С.Әбдіжаббарова. «Фолиант-2011» баспасы.

3.2.Техникалық құралдар,материалдар:

Өндірістік оқыту құрал-жабдықтары, өлшеу жабдықтары, тігін машиналары, ЫЖӨ – ге арналған жабдықтар.

**4.Сабақтың барысы:**

**4.1 Ұйымдастыру кезеңі (3-5 минут)**

1. Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен дайындығын тексеру.
2. Білім алушылардың арнайы киімдерін тексеру.
3. Ынтымақтастық ортасын құру.

4. Топты 2 жұмыс тобына бөлу.
5. Материалдармен таныстыру.

***<u>4.2 Алдыңғы тақырып бойынша үйге берілген тапсырманы сұрау:</u>***
-Тігін машиналарының түрлерін ата?
-Утікпен жұмыс жасау барысында техника қауіпсіздігін сақтау?
-Киім түрлеріне нелер жатады?

**4.3 Жаңа сабақты түсіндіру: (25 мин)**

<u>Мойын ойындысын жағалармен өңдеу</u>

Бұйымның мойын ойындысын әртүрлі өлшемді, пішінді, конструкциялы жағалармен өңдейді. Жағалардың қондырма, алмалы, тұтас пішілген түрлері бар. Оларды негізгі немесе әрлегіш материалдан пішеді.

Жағалар үстіңгі және астыңғы жағалардан тұратын бірқабатты не екіқабатты болады. Үстіңгі және астыңғы жағалардың арасында желімдік не желімсіз іштік орналасуы мүмкін. Қатты жаға дайындау кзінде бірнеше қосымша іштіктерді пайдаланады. Іштіктер, әдеттегідей, жаға пішінді болады. Қосымша іштіктердің пішіні әрқилы болады. Жағаларды бір бөлшек ртінде пішеді немесе олар бірнеше бөліктен тұруы мүмкін. Қондырма және алмалы жағалардың қима тіктемесі болуы мүмкін. Тұтас пішілген жағаларды бір бөлшекпен алдыңғы боймен және артқы боймен, алдыңғы боймен және өңірастымен, тек өңірастымен пішеді.

<u>Қондырма жағаларды өңдеу</u>

Қондырма жағалар деп бұйыммен мойын ойындысының сызығы бойынша біріктірілген жағаларды айтады. Қондырма жағалар бірқабатты (көбінесе) және екіқабатты болады. Қондырма жағаларды дайындау, әдеттегідей, мынадай операциялардан тұрады:

- ■ жаға бөліктерін қатырмалау, оны іштіктермен біріктіру;
- ■ жаға бөліктерін біріктіру;
- ■ жаға қырлары мен ұштарын өңдеу.

<u>Бірқабатты жағаларды</u> қатырмаламайды және желімсіз іштіктермен қатайтпайды. Бөліктерді біріктіруді: жиектелген қиықты жатқыза қайым, жапсырма, бүктемелі немесе қосарлы тігістермен орындайды. Бірқабатты жағаларды ұштары мен қырлары бойынша өңдеу үшін модельге байланысты шеттік тігістерді пайдаланады: ашық жиектелген не жабық қиықты бүктеме; жабық қиықтары бар жиектемелі не көлбеу көмкермелі шеттіктеу; көлбеу көмкермені не пішілген әдіпті қолдана отырып жай жиекті жөрмеу тігісі. Бірқабатты жағаның ұштары мен қырларын шілтермен, желбіршекпен, жиектememен әрлейді. Бірқабатты жағаның ұштары мен қырларын өңдеу арнайы құрылғылары бар арнайы немесе сырып тігу машиналарында жүзеге асырылады.

<u>Екіқабатты жағаларда</u> үстіңгі немесе астыңғы жағаны қатырмалайды, қажет болған жағдайда екеуін де қатырмалайды. Жағаға жақсы пішін тұрақтылығын беру үшін желімдік, желімсіз, аппретті материалдардан және олардың қосындыларынан жасалған көпқабатты іштіктерді пайдаланады. Іштік қабаттарының арасына сүйекшелер орналастыруға болады.

Жағаның бөліктерін біріктіруді жағаның модельдік ерекшеліктері мен пайдаланылатын материалдардың қасиеттеріне байланысты біріктіру тігістерінің бірімен орындайды. Жаға бөліктерін біріктіру тігісінің ені 5...7 мм.

Екіқабатты жағаларды ұштары мен қыры бойынша өңдеу үстіңгі жағаны астыңғы жағамен жөрмеуден тұрады. Ені 5...7 мм жөрмеу тігісін пайдаланады. Жаға қырының сызығы бойынша астыңғымен тұтас пішілген жағаны ұштарының бойымен ғана жөрмейді.

Үстіңгі жағаны астыңғы беткі жағын ішіне қаратып салады, қиықтарын сәйкестендіреді және астыңғы жағаны бұрыштар мен айналмаларда қондыра отырып, ұштары мен қыры бойыша жөрмейді (2.21-сурет, а, 1-тігім). Егер жаға астарсыз болса немесе астыңғы жағада желімсіз іштік қарастырылған болса, жөрмеу тігімін астыңғы жаға жақтан салады. Қалған жағдайларда жөрмеуді үстіңгі жақтан жүргізеді. Өнеркәсіптік өндіріс жағдайынла ішкөйлек жағаларын жөрмеу үшін тігімді жөрмеу тігісінің қосымшаларын кесумен қатар орындайтын жартылай автоматты пайдаланады.

Тігіс қосымшаларын бұрыштардан 2...3 мм қалдыра кертеді. Желімсіз іштік тігісінің қосымшасын 1...2 мм қалдырып, бүкіл ұзындығы бойынша кеседі, ал астыңғы жаға тігісінің қосымшасын 2...3 мм-

ге кеседі. Сонымен қатар, қисық сызықты жөрмеу тігістерінің қосымшаларын тігімге 1...2 м жетпестен кертеді. Жағаны беткі жағына айналдырады, тігістерін түзейді және үстіңгі жағадан 1...2 м көмкерме жасай отырып, астыңғы жаға жақтан баса үтіктейді. Қажет болған жағдайда жағаны үстіңгі жағадан көмкерме жасай отырып, астыңғы жаға жақтан қолмен не арнайы машинамен айналдыра көктейді. Кей жағдайда көмкермені жөрмеу тігісінің қосымшаларын астыңғы жағаға сырып тіге отырып, жаға қырының бойымен бекітеді (2-тігім). Сырып тігу тігісінің ені 2...5 мм.

Ұштары сүйір жағаларды, сондай-ақ қалың матадан жасалған бұйымлардағы жағаларды бірінші қырының бойымен ғана жөрмейді (2.21-сурет, б, 1-тігім). Жөрмеу тігісінің қосымшаларын астыңғы жағаға сырып тігеді (2-тігім). Одан кейін тігім ұштарын бекіте отырып жағаның ұштарын жөрмейді (3-тігім). Жөрмеу тігістерінің қосымшаларын бұрыштардан 2...3 мм қалдырып кертеді, астыңғы жаға тігісінің қосымшасын қыры мен ұштары бойынша 2...3 мм-ге кеседі. Жағаны беткі жағына айналдырады, түзейді және жатқыза үтіктейді.

Жаға бұрыштарында қалыңдықты кішірейту үшін оның ұштарын жөрмеу сызығы астыңғы жаға жаққа ауыстырылатын конструкциясын пайдаланады. Астыңғы жағада жаға бұрышынан жөрмеу тігісіне дейінгі арақашықтық жағаның ұзындығына қарай 30...50 мм-ді құрайды (2.21-сурет, в). Жағаны бірінші ұштарының бойымен жөрмейді (1-тігім). Жөрмеу тігісінің қосымшаларын жағаның пішініне қарай жатқыза немесе айыра үтіктейді. Одан кейін қыры бойынша жөрмейді (2-тігім).

Егер үстіңгі және астыңғы жағалар бұйымның мойын ойындысына бір мезетте қондырылуы тиіс болса, онда оларды өз арасында қолмен немесе қиықтардан 5...6 мм арақашықтықта өтетін машина тігімдерімен бекітеді. Бұл ретте тіктеменің бүгіліс сызығы бойынша астыңғы жағаның үстіңгіге еркін үгілуін қамтамасыз ету үшін, үстіңгі жағаны материал қалыңдығына байланысты жаға қырына қарай 1...5 мм-ге жылжытады.

Жағаның шеттері мен қыры көмкермемен, шілтермен, желбіршекпен әшекейленуі мүмкін. Мұндай жағдайда жиектемені, 2.21-сурет. Қондырма жағаларды өңдеу шілтерді немесе желбіршекті беткі жағын астыңғы жағаның беткі жағына қаратып салады, олардың қиықтарын сәйкестендіреді және әрлегіш бөлшекті ені 5...7 мм тігіспен қосып тігеді. Жеке тіккен кезде әрлегіш бөлшекті алдын ала қосып көктейді. Одан кейін үстіңгі жағаны астыңғы жағамен жоғарыда келтірілген реттілік бойынша жөрмейді.



<u>Қима тіктемелі жағаны өңдеу.</u> Үстіңгі жағаны және оның тіктемесін қатырмалайды. Жаға тіктемесінің іштігі жаға тіктемесінен 10 мм-ге жіңішкерек болуы тиіс. Қатырмалар алдында іштіктің астыңғы қиығын тіктеменің астыңғы қиығынан 10 мм жоғары орналастырады. Қатырмалағаннан кейін тіктеменің астыңғы қосымшасын беткі жағына айналдырып, іштіктің астыңғы қиығын бүгеді. Қосымшан жатқыза және баса үтіктейді. Жатқыза үтіктелген қосымшаны үстіңгі жаға тіктемесінің беткі жағынан бүгіп тігеді, бұл ретте тігімді жатқыза үтіктелген жиекке параллель одан 6...7 мм арақашықтықта салады (2.21-сурет, г, 1-тігім).

Үстіңгі жағаны жоғарыда қаралғандай етіп дайындайды (2.21- сурет, в). Жаға шетінің бойымен оның беткі жағы бойынша, егер модельмен қарастырылса, әрлегіш тігімді салады (2.21-сурет, г, 3-тігім).

Жағаны үстіңгі және астыңғы жаға тіктемелерінің арасына салады және тіктеменің ұштарын жөрмеумен қатар қондырып тігеді (4-тігім). Тіктеменің дөңгелектенген ұштарында қосымшалардың артық жерлерін кертеді. Тіктемені беткі жағына айналдырып, түзейді және баса үтіктейді.

<u>Қондырма жағаларды бұйыммен біріктіру</u>

Қондырма жағаларды бұйыммен біріктіру тәсілдері әртүрлі болады. Оларды таңдау модельге және бұйымды тігу үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттеріне байланысты.

Бірқабатты жағаларды бұйыммен біріктіру. Оны мынадай тігістермен: пішілген әдіпті қолданып, қайым тігіспен; екі жабық қиықты жиектеменің немесе көлбеу көмкерменің көмегіен көмкермелі тігіспен; сейсеп тігіспен орындайды:

Әдіпті пайдалана отырып, бірқабатты жағаны қайым тігіспен біріктіру кезінде, мойын ойындысын пішілген әдіппен өңдеген кездегі сияқты, әуелі әдіпті дайындап алады (2.6.1-бөлімше).

Өңделген бірқабатты жағаны ішкі жағын түймеліксіз бұйымның беткі жағына қарата отырып салады, мойын ойындысының қиықтары мен жағаның және бұйымның бақылау кертпелерін сәйкестендіреді. Жағаны мойын ойындысына айналдыра көктейді. Жағаның беткі жағына дайындалған әдіпті беткі жағын қаратып салады, оның торланбаған қиығын мойын ойындысы мен жағаның қиықтарымен теңестіреді, кертпелерді сәйкестендіріп, көктейді. Мойын мен әдіпті бұйымның мойын ойындысына ені 7...10 мм тігіспен қондырып тігеді (2.22-сурет, 3-тігім). Жөрмеу тігісінің қосымшаларын тігістің қисық сызықты бөліктерінде кертеді, одан кейін оларды әдіпке ені 1...3 мм тігіспен сырып тігеді (4-тігім). Әдіпті бұйымның ішкі жағына бүгеді де, баса үтіктейді, одан кейін оны иық тігістерінің қосымшаларында қолмен немесе машина инешаншымдарымен бекітеді.

Қалың жұмсақ материалдарды өңдеу кезінде жағаны жиектелген қиықты бастырма тігіспен қондырып тігеді. Жағаны ішкі жағын бұйымның беткі жағына қаратып қояды, кертпелерді сәйкестендіріп, жаға мен бұйымның мойын ойындысының қиықтарын теңестіреді және бұйымның мойын ойындысына ені 10 мм тігіспен сырып тігеді. Тігіс қосымшаларын жиектеп торлайды және негізгі бөлшекке мойын ойындысы сызығының бойымен сырып тігеді. Сырып тігу тігісінің ені 7 мм. Мұндай жағаны мойын ойындысына қондырып тігуге және сырып тігу-жиектеу машинасында бір рет жиектеп торлауға болады.

2.22-сурет. Бірқабатты жағаларды бұйыммен біріктіру




Екіқабатты жағалардыс бұйыммен біріктіру. Екіқабатты жағаларды бұйыммен біріктірудің үш тәсілі бар:

■ үстіңгі және астыңғы жағаларды бұйым мен өңірастылардың арасында қатар қондырып тігеді;

■ бұйымның мойын ойындысын үстіңгі және астыңғы жағалардың арасына қондырып тігеді;

■ үстіңгі жағаны өңірастыларға, астыңғы жағаны бұйымның мойын ойындысына қосып тігеді, одан кейін үстіңгі жағаны қосып тігу және астыңғы жағаны қондырып тігу тігістерінің қосымшаларын өз арасында біріктіреді.

*Жағаны бұйымның мойын ойындысына қондырып тігу.*

Оны бүйір ойығыны жөрмеумен қатар бұйымның мойын ойындысына қондырып тігеді (2.23-сурет, а). Жағаны қондырып тігер алдында оның қиықтарын теңестіреді. Модельмен қарастырылған әрлегіш тігім жағана салынуы тиіс. Дайын жағаны астыңғы жағаны бұйымның беткі жағына қаратып қояды, мойын ойындысының қиықтары мен жағаның және бұйымның бақылау кертпелерін сәйкестендіреді. Жағаның екі қабатын да алдыңғы бойдың мойын ойындысына жаға ұштарынан бастап иық тігістеріне дейін қондыра көктейді. Иық тігістерінің жанында үстіңгі жаға жақтан тігіс қосымшасын кертеді, үстіңгі жағаны бүгеді де, артқы бойдың мойын ойындысына тек астыңғы жағаны қондыра көктейді. Үстіңгі жағаға өңірастыларды беткі жағын төмен қаратып қояды, мойын ойындысының қиықтарын сәйкестендіреді және өңірасты мен бұйымның бақылау белгілерін теңестіреді. Өңірастын бұйымға иық қиықтарына дейін қосып көктейді. Одан кейін бір өңірдің жиегінен бастап екінші өңірдің шетіне дейін жағаны бір рет ені 7...10 мм тігіспен жаға жақтан қондыра тігеді (6-тігім). Өнеркәсіптік өндірісте жағаны алдын ала қондыра көктеместен қондырып тігеді. Қондырып тігу тігістерінің қосымшаларын кертеді, өңірлерді беткі жағына айналдырады, бүйір бұрыштары мен қондырып тігу тігісін түзейді. Үстіңгі жағаның мойын ойындысының бос қосымшасын артқы бой бөлігінде иық тігістерінің арасында ішке қарай бүктейді. Бүктелген жиекті ол астыңғы жағаны қондырып тігу тігімін жабатындай етіп сырып тігеді (7-тігім). Сырып тігу тігісінің ені 1...2 мм. Өңірастыларды иық тігістерінің қосымшаларында қолмен не машина тігімімен 8 бекітеді. Дайын жағаны баса үтіктейді.

Егер бұйымда артқы бойдың мойын ойындысының пішілген әдіпі жобаланса (2.23-сурет, б), онда жағаны бұйымныңм мойын ойындысына өңірастылармен қондырып тігуді келесі жолмен жүзе 2.23-сурет. Жағаны бұйымның мойын ойындысына өңірастымен қондырып тігу ге асырады. Артқы бойдың мойын ойындысының әдібін, өңірасты сияқты, қатырмалайды. Оны өңірастымен иық қиықтары бойынша ені 5...7 мм тігіспен айыра үтіктеп біріктіреді (1-тігім). Өңірасты мен әдіптің ішкі қиығын жиектеп торлайды (2-тігім). Дайын жағаны астыңғы жаға бұйымның беткі жағында орналасатындай етіп, ал әдіпті өңірасты беткі жақтаымен үстіңгі жағада жататындай етіп, әдіппен біріктірілген бұйым мен өңірастының арасына салады. Бөлшектерді мойын ойындысының бақылау белгілері мен қиықтары бойынша теңестіреді. Жағаны бір өңірдің жиегінен бастап, екінші өңірді

жиегіне дейін бір рет қондырып тігеді (7-тігім). Тігіс қосым210 4 4 5 шаларын кертеді, өңірасты мен әдіпті беткі жағына айналдырады, бүйір бұрыштары мен қондырып тігу тігісін түзейді де, баса үтіктейді. Әдіпті иық тігістерінің қосымшаларында қолмен не машина тігімімен бекітеді (8-тігім).

Пішілген әдіптің орнына ызба не көлбеу көмкерме пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда жағаны астыңғы жағасын бұйымға қаратып, ал өңірастыларды үстіңгі жағаға беткі жағымен қойғаннан кейін, олардың үстіне ызбаны немесе көлбеу көмкермені беткі жағын төмен қаратып орналастырады. Жағаны мойын ойындысына ызбаны не көлбеу көмкермені қосып тігумен қатар қондырып тігеді. Қондырып тігу тігімін бір бүйір жиегінен бастап екінші бүйір жиегіне дейін салады. Өңірлерді беткі жағына айналдырады, бұрыштары мен қондырып тігу тігісін түзейді. Одан кейін ызбаны не көлбеу көмкермені бұйымға сырып тігеді. Сырып тігу тігісінің ені 1...2 мм. Егер модедьмен қарастырылса, осы тігіммен алдыңғы бойға өңірастының ішкі жиегін сырып тігуге болады.

*Бұйымның мойын ойындысын үстіңгі және астыңғы жағалардың арасына қондырып тігу.* Бұйым бүйірінің ойықтары алдын ала жөрмелуі тиіс (2-тігім, 2.23-сурет, в). Сонымен қатар, жағаны өңдеу кезінде үстіңгі жағаны ұштары мен қыры бойынша астыңғыға жөрмер алдында ені 7...10 мм үстіңгі жағаның мойын ойындысы қиығының қосымшасын ішкі жағына жатқыза үтіктеу қажет.

Астыңғы жағаны бұйымның беткі жағына орналастырып, жағаны бұйыммен қабаттайды, жаға мен бұйымның қиықтары мен кертпелерін сәйкестендіреді. Астыңғы жағаны оның бойымен тігім салып және ені 7...10 мм тігіс жасай отырып, қондырып тігеді (4- тігім). Астыңғы жаға алдын ала қондыра көктелуі мүмкін. Қондырып тігу тігісінің қосымшаларын жағаға қарай бүгеді, оларды үстіңгі жағаның жатқыза үтіктелген бүгілісімен жабады және астыңғы жағаны қондырып тігу тігісінің тігімін жаба отырып, үстіңгі жағаны сырып тігеді (5-тігім). Сырып тігу тігісінің ені 1...2 мм. Соңында жағаның ұштары мен қыры бойынша әрлегіш тігімді салады (6-тігім).

Модель мен материал қасиеттеріне байланысты әуелі бұйымың мойын ойындысына жағаны қондырып тігуге, одан кейін астыңғы жағаны сырып тігуге болады.

Қима тіктемелі жағаны бұйыммен осыған ұқсас біріктіреді (2.23-сурет, г). Әуелі астыңғы жағаның тіктемесін бұйымның мойын ойындысына қондырып тігеді (5-тігім), одан кейін үстіңгі жаға тіктемесінің бүгіп тігілген жиегін бұйымның мойын ойындысына астыңғы жағаны қондырып тігу тігісінің тігімі жабық 211 болатындай етіп сырып тігеді (6-тігім). Сырып тігу тігісінің ені 1...2 мм. Егер тіктеменің үстіңгі шеті бойынша модельмен әрлегіш тігім қарастырылса, оны тігімді үзбестен, бұйымның мойын ойындысына үсіңгі жаға тіктемесін сырып тіккеннен кейін бірден салуға болады (7-тігім).

*Астыңғы жағаны бұйымның мойын ойындысына қондырып тігу және үстіңгі жағаны өңірастыға қосып тігу.* Қалың материалдардан жасалған бұйымдарда (2.23-сурет, д) әрлегіш тігімсіз дайын жағаны бұйымның мойын ойындысына келесі жолмен қондырып тігеді. Өңірастылардың ойықтарын жөрмейді, өңірастын беткі жағына айналдырады, баса үтіктейді. Үстіңгі жағаны өңірастылармен бүйір ойығына дейін сырып тігеді және тігімдерді үзбестен, астыңғы жағаны бұйымның мойын ойындысына қондырып тігеді (6-тігім). Жеке тіккен кезде жағаны алдын ала қондыра көктеп алады. Алдыңғы бойдың мойын ойындысының қосымшасын иық тігістерінің үстінен кертеді, ойықтағы қосымшаның артық жерлерін кертпелейді. Тігісті алдыңғы бой бөлігінде айыра үтіктейді және артқы бой бөлігінде жағаға қарай жатқыза үтіктейді. Жағаны түзейді. Өңірастын бүктейді, олардың қосымшаларын алдыңғы бойдың қосымшаларымен қолмен не сырып тігу машинасымен біріктіреді (7-тігім). Астыңғы жағаны қондырып тігу тігімін жаба отырып үстіңгі жағаның мойын ойындысының қиығын бүктейді және иық тігістерінің арасында бұйымның мойын ойындысына сырып тігеді (9-тігім). Егер модельмен әрлегіш тігім қарастырылса, оны өңірдің жиектері мен ойықтары, жағаның ұштары мен қыры бойынша салады (9-тігім).



*Тұтас пішілген жағаларды өңдеу*

Жеке өзі дайындалатын және дайын күйінде бұйыммен біріктірілетін қондырма жағадан айырмашылығы, тұтас пішілген жағаны бұйымды дайындау процесінде өңдейді. Үстіңгі жағаны қыр бойымен астыңғы жағамен біріктіруді соңғы кезекте өңірді өңдеумен қатар жүзеге асырады.

Тұтас пішілген жағаларды дайындаған кезде мына тәртіп сақталады: мойын ойындысының тұсында алдыңғы

бой мен артқы бойды қалыптайды; жаға бөліктерін қатырмалайды немесе оларды желімсіз іштіктермен біріктіреді; бүкпелерді сырып тігеді; жаға бөлшектері мен бұйым бөлшектерін біріктіреді; астыңғы жағаны үстіңгі жағамен жөрмейді және түймелікті өңдейді.

Жағалардың конструктивтік ерекшеліктері әртүрлі болады, бұл оларды өңдеу реттілігінің өзгеруіне негіз болады. Бір операциялар жойылса, бір операциялар қосылады.

Тұтас пішілген жағалардың бір-бірінен технологиялық өңделуі бойынша өзгешеленетін үш түрі бар:

■ алдыңғы бойы не артқы бойы үстіңгі жағамен тұтас пішілген жағалар немесе тұтас пішілген тік жағалар;

■ астыңғы жағасы алдыңғы боймен, ал үстіңгі жағасы өңірастымен тұтас пішілген жағалар;

■ астыңғы жағасы қиылатын, ал үстіңгі жағасы өңірастымен тұтас пішілген жағалар.

*Тұтас пішілген тік жаға.* Оны дайындаған кезде үстіңгі жағамен тұтас пішілген алдыңғы бой мен артқы бойды өңдейді. Сонымен қатар, алдыңғы бой мен артқы бойдың мойын ойындысының пішілген әдіптерін пайдаланады. Тік жағамен және түймелікпен тұтас пішілген бұйымдарда алдыңғы жағынан тік жағаны өңдеген кезде артқы бойдың мойын ойындысының пішілген әдібін және өңірастымен тұтас пішілген алдыңғы бойдың (Спинка – Артқы бой; Полочка – алдыңғы бой.) пішілген әдібінің екі бөлшегін пайдаланады.




2.24-сурет. Тұтас пішілген жағаларды өңдеу

Артқы бой мен алдыңғы бойда қалыптағаннан кейін, егер модельмен қарастырылса, мойын ойындысының бүкпелерін сырып тігеді (2.24-сурет, б, 1-тігім). Сырып тігілген бүкпелерді бөлшектің 215 ортасына қарай жатқыза үтіктейді. Егер бүкпенің ашпасы 7...10 ммден аспаса, ал бұйым материалының жақсы қалыптық қасиеттері болса, бүкпелерді жия үтіктеумен алмастырады. Оның алдында бүкпенің ашпасын мойын ойындысы сызығының бойымен қол инешаншымдарымен бекіте отырып, жиекке қондырады. Материалдың артық жерлерін мойын ойындысының бойымен ішкі жағынан жия үтіктейді. Жия үтіктегеннен кейін мойын ойындысының сызығын бөлшектің ішкі жағынан желімді жиекпен немесе модельде мүмкін болса, машина тігімімен бекітеді.

**<u>4.5. Жаңа материалды кіріспе нұсқау бойынша бекіту</u>**

- Кіріспе нұсқауды қалай түсінгенін сұрау, бақылау, бекіту, егер қажет болса тиісті жерлерін қайталау.
- Оқушыларға тапсырма беріп, жұмыс орындарына бөлу.

**<u>4.6. Жаңа тақырыпты меңгеруге байланысты еңбек тәсілдерін баяндау (тапсырмалар мен нұсқау туралы карталары – 10 минут)</u>**

- Қателіктер мен ақаулардын алдын алу және болдырмау шараларымен таныстыру.
- Оқу-өндірістік жұмыстарды атқару кезінде жұмыс орнын тиімді ұйымдастыра білуді түсіндіру және көрсету.
- Ворлдскиллс ережелеріне сәйкес жұмысты атқару кезінде еңбек және қауіпсіздік ережелерін талабының орындалуын түсіндіру.

**<u>4.7. Ағымдағы нұсқау Жұмыс барысы: (140 минут)</u>**

- жұмыс орнының дұрыс ұйымдастырылуы;
- еңбек қызметін, тәсілдерін дұрыс атқаруы;
- бақылау -өлшеу аспаптары мен құрал -жабдықтарды дұрыс пайдалануы;
- техникалық құжаттарды пайдалана білуі;
- техника қауіпсіздігі ережелерін және өндірістік санитария мен гигиена нормаларын сақтауы.

Жұмыс тобына**«Ұшақ»** әдіс-тәсілін қолдана отырып тапсырма беріледі. Идеялар талқыланады, жинақталады

<u>Студенттердің тапсырмалары мен өз бетімен орындайтын жұмыстары.</u>

-арнайы үстел үстіне матаны терісінен жазып, пішімге дайындау;
-әрбір пішімнің лекаласы болу керек;
-қажетті құралдарды түгелдеу. Қайшы, сантиметрлік таспа, сызғыш;

-тігіс тігетін машина шебердің нұсқауымен жұмысқа дайын болу керек
**«Екі дұрыс, бір бұрыс»** тәсілін пайдалана отырып топтық және жұптық жұмыс жүргізіледі

**4.8. Қорытынды нұсқау. (10-минут)**
1.Жіберілген қателіктерді болдырмау жолдарын қарастырып талдау
2.Ерекше көзге түскен студенттер жұмыстарын атап, үлгі ету.

## ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНЫП АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ

**ТАТИБАЕВА ИНДИРА САГИНДИКОВНА**
*Ағылшын тілі пәні мұғалімі*
*Түркістан облысы, Түркістан қаласы*
*"М.Маметова атындағы № 6 жалы білім беретін мектеп" КММ*

Қазіргі ағылшын тілді елдердің экономикасының дүниежүзіне ықпалы артуда. Екіншіден, ағылшын тілі - әдебиет пен саясаттың, өнердің, сауда-саттық пен әр түрлі ресми қарым-қатынас тілі. Бірақ та ағылшын тілі мамандарының алдында проблемалар да бар. Олар: біріншіден, ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды енгізуге байланысты материалдық-техникалық базаның талапқа сай келмеуі. Екіншіден, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруда базалық ортаның аз қамтылуы. Осы проблемаларды шешудің бірден-бір жолы оқу бағдарламасын өзгерту, әдістерді жетілдіру. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтыруды, дамытылуы тиіс.

Ендеше оқушылардың дүниетанымын кеңейтуде танымдық белсенділігін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор болып келеді. Осы әдістер мен әдістемелердің қолдануына байланысты оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығының артқанын көреміз. Инновациялық технологияның бірі – мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту технологиясы.

Ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің қалыптасуы, көргенін айта білу, дүниетанымын, ой - өрісін кеңейту, ағылшын тіліне деген қызығушылығын жан - жақты дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашу.

1. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Ағылшын тілінде балалар бір - бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Олардың сөйлеу тілін дамыту үшін өздерін қоршаған заттарға, ортаға қатысты, қайда отыр, не көріп отыр деген сұрақтарға жауап беретіндей жағдай туғызу қажет.

2. Әр жас ерекшелігіне сай бағдарламаға сәйкес балалар дыбыстарды дұрыс айтып, жаңа сөздерді меңгереді, сөздерді жаттаумен тынбай, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрай білу.

Оқытудың мультимедиялық құралдары оқытудың күрделі құралдарына жатады, бұл мұғалім еңбегінің жаңа қаруы.

Компьютер бағдарламаларының қасиеттері көп екендігін практика көрсетті. Олардың ішінде жеке оқыту және балалардың өздік жұмыстарын дамыту.

Жұмыс жасау барысында әр баланың жеке ерекшеліктері ескеріледі. Кейбір оқушылардың естіп-тыңдау қабілеті дамыған болуы мүмкін, кейбір оқушылардың көріп есте сақтау қабілеті дамыған болады. Білім берудегі мультимедия әдісі – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал. Мультимедия–пайдаланушыға әртүрлі типті ақпаратты біріктіріп ұсыну технологиясы. Технологияның мультимедиасы -қолданушыға мәліметтің ұсынысының мүмкіндігі (мәтін, дыбыс видео, анимация, графика) әр түрлі формалардың өзара әрекеттесуі өздігінен тәртіп. Мультимедиа технология арнайы аппаратты және программалық құралдарды құрайды.

Зерттеушілердің пікірі бойынша дәстүрлі оқу әдісімен берілген материалдың 25%-ы, көру арқылы 33%-ы, көру-есту арқылы 50%-ы, ал мультимедиялық интерактивті оқыту бағдарламасы көмегімен берілген материалдаң 75%-ы есте сақталады екен.

Мультимедияның ажырамас бөлігі болып табылатын лазерлік дискілерде жазылған электрондық ертегілер, мультфильмдер, әуендер мен сөздіктер оқыту процесінде ерекше орынға ие.

Қазіргі танда барлық балабақша қажетті интерактивті тақта, теледидар және компьютермен жабдықталған. Күнделікті өзімнің оқу іс-әрекетімде жаңа тақырыпты түсіндіру барысында слайд арқылы берілген сөздер бала жадында тез сақталатыны тәжірибемде жиі кездеседі. Видео көрсетілімдер мен әуен көмегімен жасалған сергіту жаттығулары ағылшын тілін тиімді үйренумен қатар іс-қимыл әрекеттерін дұрыс жасауға бағыттайды.

Ағылшын тілінде әрбір видеофильмдер мысалы мектепалды даярлық тобында “Жануарлар” тақырыбында көрсетілетін “Фермада” видеофильмі әрбір жануарды ағылшын тілінде атап, үйрету процессінің тиімділігін арттырады, әрі оқушылардың ынтасы мен қызығушылықтарын оятады және берілген материалды оңай әрі тез арада игеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ересек тобында әуенмен айтылатын “Кемпірқосақ” әні балалардың түстерді ажырата білуге, оларды ағылшын тілінде атауға танымдық қабілеттерін қалыптастыруға және баланы шығармашылыққа баулиды.

Соңғы жылдары мемлекетіміздің ғылымға енгізілген тағы бір жаңалығы ол – “Сиқырлы қалам”. Елімізде тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасы 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес, «Сиқырлы қалам» интерактивті оқу-әдістемелік кешені шығарылды. Жаңа технологияларға сай әзірленген, қазақ және ағылшын тілдерін үйретуге арналған «Сиқырлы қалам» интерактивті оқу-әдістемелік кешенін мектепке дейінгі білім мекемелерінің тиісті мамандарына арналған әдістемелік құрал. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жаңа бағыттағы инновациялық тіл үйрету құралы. «Сиқырлы қалам» арқылы балаларға бір мезгілде оқуға, тыңдауға мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ қаламды плакатқа тигізгенде, суреттерге «жан бітіп», бейнелер экранға көшіп, сөйлеп кетеді. Қаламның сиқырлы сыры да осында.

Қазақ және ағылшын тілдерін үйретуге арналған, оқыту үрдісінде қолдануға оңтайлы кешен балабақшаларына алғаш рет ұсынылып отыр. Заманауи технологияның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып жасалған интерактивті кешеннің балалардың тіл үйренуге деген қызығушылығын дамытуға, танымын, қабілетін арттыруға тигізер септігі зор.

Оқу іс-әрекетінде қолданғанда интерактивті кешенмен жаттыққан бала қазақ және ағылшын тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын, екпінді дұрыс қолдана білуді жеңіл меңгереді. Сөздерді буынға бөлуді, санауды, түстердің реңін атауды, жадына түйген сөздік қоры арқылы түрлі іс-әрекеттерге байланысты қысқа сөйлемдер, шағын әңгімелер құруды үйренеді. Сөздік қорын молайтып, алғыс айту, өтініш білдіру, құттықтау тәрізді этикет тәртібін орындауға да жаттығады.

Тіл үйрету құралының әдіс-тәсілдері балалардың жас ерекшелігіне сай үйлестірілген. Инновациялық кешен кез келген теледидарға немесе компьютерге қосылады, сол арқылы танымдық, қызықты бағдарлама тамашалап отырғандай әсер береді. Балалардың жан дүниесіне жақын, жас ерекшелігіне сай анимациялық, мультипликациялық көріністер олардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырып, есте сақтау қабілетін дамытады.

Балалар есту, көру, қайталау арқылы сөздерді дұрыс айтуға жаттығады. Интерактивтік кешенді жарыққа шығарудағы мақсат – мектепке дейінгі мекемелерде жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы қазақ тілін және ағылшын тілін үйрету сапасын арттыру, тіл үйрену дағдыларын дамыту.

Инновациялық білім беру соның ішінде мультимедия мүмкіндіктерін қолдана оқыту әдісі – іскерліктің жаңа түрі.

*****

**ХУСАЙНОВ ТІЛЕК МҰХТАРҰЛЫ**
*Хор сыныбының оқытушысы*
*Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы.*
*Сырым ауданы білім беру бөлімінің*
*«А.Ғұбайдуллин атындағы балалар музыка мектебі» МКҚК*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бөлімі** | | | |
| **Педагогтің аты жөні:** | | | |
| **Күні:** | | | |
| **Сынып:** | 3 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Музыка және уақыт** | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 3.1.2.1-көркем образдарды аша отырып, түрлі сипатты әндерді орындау.<br>3.1.3.2-музыкалық форманың құрылымын анықтау, шумақ,шумақ қайырма.Бір бөлімді, екі бөлімді | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | көркем образдарды аша отырып, түрлі сипатты әндерді орындайды<br>музыкалық форманың құрылымын анықтайды | | |
| **Сабақтың барысы:** | | | |

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі (уақыты)</th><th>Педагог әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th></tr>
<tr>
<td>Сабақтың басы<br><br>20 мин<br><br>Сабақтың ортасы<br><br>15 мин<br><br>5 мин</td>
<td>Сәлемдесу.<br>1-тапсырма. Ақпарат іздеу. Берілген суреттерге қарап уақыт өлшемдерін ата.<br>




Мына торкөздердің ішінен ең қысқа және ең ұзақ уақыт өлшемдерін көрсет<br>
<table>
<tr><td>с</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Д</td></tr>
<tr><td>с</td><td></td><td></td><td></td><td>Т</td><td></td></tr>
<tr><td>а</td><td></td><td></td><td>А</td><td></td><td></td></tr>
| **10 min** | **"Over to you"**<br>Ask Ss to consider the questions, then elicit answers from various Ss | Answer the questions<br><br>Tik-tok | **Descriptor:**<br>-spelling words correctly | Whiteboard<br>Students Book |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *The Ladder method was used as a reflection. T asks SS to stick their stickers to the Success Ladder* | around the class.<br>***Aim:*** To personalise the topic<br>**Efficiency:**<br>To develop their speaking and writing skills<br>**Differentiation: Verbal support .The Ladder method was used as a reflection. T asks SS to stick their stickers to the Success Ladder**<br>**Home work:**<br>**Workbook exercise 1 page 30** | Ss use their stickers to show their knowledge according to the lesson<br>Green- I understood<br>Yellow-I have some questions<br>Red-I need a help. ***Aim:*** To know how many Ss got the theme.<br>**Efficiency:**<br>Ss can use colors to show how much do they | 1point.<br>- answer questions correctly and competently<br>1point.<br>- 3point<br>Ss evaluate each other and encourage classmate with phrases like:<br>Well done!<br>Brilliant!<br>Good job! I like it! | Tik Tok<br>Whiteboard<br><br>Poster.<br> |
| | Doing "Brain Teaser".<br>Feedback<br>"3-2-1" | remember.<br>**Differentiation:**<br>***«Conclusion»*** method is used to finish the lesson. | | |

| **Additional information** | | |
|---|---|---|
| **Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?** | **Assessment – how are you planning to check learners' learning?** | **Health and safety check**<br>**ICT links** |
| Teacher circulates the room constantly offering support to weaker students and encouraging stronger students to think of more complex, abstract thoughts. | The teacher and students will give brief feedback. | ICT links |
| Reflectio<br>Were the lesson objectives/<br>Did my planned differentiation work well?<br>Did I stick to timings?<br>What changes did I make from my plan and why? | **Use the space below to reflect on your lesson. Answer the most relevant questions from the box on the left about your lesson.** | |

**АХМЕДОВА МЕЙИРШАТ КОЛДАСОВНА**
***Шымкент қаласы***
***Оразбай атындағы №115 негізгі орта мектептің***
***бастауыш сынып мұғалімі***

## Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

**Бастауыш білім беру мақсаты** — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға

ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;
- коммуникативті

әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

**Оқыту әдіс-тәсілдері:**

**Құндылықты-бағдарланған тәсіл**-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді. Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

**Тұлғалық-бағдарланған тәсіл**— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

**Жүйелік-әрекетті тәсіл**— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

**Коммуникативтік тәсіл**-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

**Интегративтік тәсіл**-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.
**Зерттеу тәсілі** — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.
**Интербелсенді әдіс**
Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті" деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.
Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.
Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу

- өзіне деген сенімге тәрбиелейді
- шешендік өнерін жетілдіреді
- танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын)
- сыни ойлау дағдыларын дамытады
- өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары эн тәсілдері ретінде танылады.
Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- — өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- — ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- — өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- — пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- — шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

**1.** бірлескен жұмыс;
**2.** — танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

1. — бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
2. — рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
3. — ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,
4. құжаттар, мұражай т.б.)
5. — презентациялар,
6. — тренингтер,
7. — интервью,
8. — сауалнама т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

- Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.
- Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін — өзі көрсетуіне жол беру.
- Үшінші ереже.Кабинет талапқа сай болуы қажет .
- Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

- Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.
- Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау .

Интерактивтік әдістеме өзара қарым – қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым – қатынасқа түседі:

1) Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
2) Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында)
3) Шағын топтармен (3-5 баламен);
4) Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
5) Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
6) Кейбір техника түрлерімен (мысалға , компьютермен);

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хэтти (2014)

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты ……т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады. Осы кезде оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады. Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің терендігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

**АРЫСТАНОВА ШАРИЗАТ ОСПАНОВНА**
***Шымкент қаласы***
***№103 жалпы орта білім беретін мектебі КММ***
***Бастауыш сынып мұғалімі***
***Педагог-зерттеуші***

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | **№103 жалпы білім беретін мектебі** |
| **Пәні:** | Қазақ тілі |
| **Оқушының аты-жөні:** | Бақытбек Аяулым Еркебұланқызы |
| **Бөлім:** | **Өзім туралы** |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Арыстанова Шаризат Оспановна |
| **Күні:** | 04.09.2023 ж. |
| **Сынып:** | 3 «Е» |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Дыбыс және әріп |
| **Сабақтың оқу мақсаты:** | 3.1.1.1 дыбыстардың мағына ажыратушы функциясын практикалық түрде меңгеру |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br>Өзін-өзі тексеру | Ұйымдастыру сәті . Оқушымен сәлемдесі. «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы оқушымен бірге жақсы тілекпен сабақ бастау.<br>**Үй жұмысын тексеру**: «Менің жазғы демалысым» тақырыбында әңгімелеу. | Оқушымен сәлемдеседі | |
| Өткен білімді еске түсіру<br><br>Жаңа білім | **Жаңа сабақ:** Дыбысжәнеәріп<br><br>**Дыбыс** — ең кішкене фонетикалық бірлік – буын дыбысқа бөлінеді.<br>• Түсіп қалатын дыбыс – жазуда сакталып, мүлдем айтылмайтын не әлсіз айтылатын дыбыс.<br>• Палатал дыбыс – тіл арты қатты таңдайға жақындауынан, жанасуынан жасалатын таңдай, орта таңдай, қатты (жуан) таңдай дауыссыздары.<br>• Ызың дыбыстар – акустикалық әсер арқылы жасалатын таңдай және шұғыл дыбыстар.<br>• Назалданған дыбыс – мұрын жолды реңк берілген дыбыс.<br>• Эпентикалық дыбыс – сөзде бастапкы кезде жоқ дыбыс, жағдайдың әсерінен пайда болған<br>• **Әріп**—дыбыстың графикалық таңбасы. Әріп дыбысты белгілегенімен, әріп пен дыбыстың арасында табиғи байланыс жоқ.<br>Әріп — шартты таңба. Әліпбиде қанша әріп болуы тілдегі дыбыстың санына байланысты. Бірақ дыбыс пен әріп саны бірдей бола бермейді. Е, ю, я әріптері екі дыбысты, ал ъ — қатаңдықты, ь — жіңішкелікті белгілейді. Қазіргі қазақ тілінде 37 дыбыс, 42 әріп бар. Бұл 1940 жылы кирилл графикасына көшуге орай қазақ әліпбиінің негізінде бекітілді. Әріптің баспахана ісіне бейімделген | Тақырып бойынша мәлімет тындайды. | Бас бармақ арқылы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | баспа түрі және қолмен жазуға бейімделген жазба түрі болады. Әріп қағаз не жазуға келетін затқа жазу құралымен түсірілетін таңба болғандықтан, оны көзбен көруге болады. Әріпте құбылмалық қасиет жоқ, ол тұрақты, бірақ ғалымдардың өзара келісімімен оны өзгертуге болады. Қазақ жазуының тарихында мұндай өзгертулер болған.<br><br><br>**ӨЗІМ ТУРАЛЫ**<br>**Дыбыс және әріп**<br>**Дыбыстардың дұрыс айтылуы**<br>1. Буындардан бірнеше сөздер құрап жаз.<br>ай са на ша ран бақ<br>2. Сөздерді оқы, үлгі бойынша ы, і әріптерін қосып жаз.<br>Мектеп, тәртіп, жапырақ, топырақ, құрақ, доп, жауап, тірек, жүрек.<br>Үлгі: мектеп – мектебі, ... , ... .<br>3. Берілген сөздерді көшіріп жаз. Осы сөздердің ішінен 2-3 сөзбен сөйлем құрастырып жаз.<br>Жан-жануарлар қалай дыбыстайды?<br>Бақа Жылқы Тоқылдақ<br>Түйе Шегіртке Шыбын<br>Ешкі Қой Жылан<br>4 | Берілген тапсырмалар ды орындайды | |
| Бекіту | Сұрақтар:<br>• Буын дегеніміз не?<br>• Әріп дегеніміз не? | Сұрақтарға жауап береді. | |
| Кері байланыс | **Сабақты бекіту**<br>«Оқулықпен жұмыс»<br>Оқушының оқытып түсінгенін сұрау.<br>- Тізбектеп оқыту<br>Дәптермен жұмыс: 1,2,3 тапсырмаларды орындау.<br>**Кері байланыс**<br>Сұрақ-жауап | Үй тапсырмасы н күнделікке жазады. | |

# КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК ҰСТАНЫМЫ

**БИЛАЛОВ ЕРЖАН БЕКМАНОВИЧ**
***Түркістан облысы, Шардара қаласы***
***«№16 колледж» МКҚК арнайы пәндер оқытушысы***

Соңғы жылдары мамандардың құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. «Маманның кәсіби құзыреттілігі» ұғымы Платонның, Аристотельдің заманынан бері түрлі ұғымда, түрлі терминдермен аталып, маман дайындау түрлі жолдармен жүзеге асырылып келгенмен, барлық кезде де маманның біліктілігі, құзыреттілігі өте көкейтесті болғаны мәлім. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет (компетенция) ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С. Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс - әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері».

Құзырет (Компетенция) – нақты әрекет пен процестерге байланысты тиімді, өнімді әрекеттер жасай алатындай дара тұлға сапаларының өзара байланысқан бірлестігі (білім, білік, дағдылар, қызмет түрлері) .

Зерттеу мәселемізді әдіснамалық тұрғыда негіздеу барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби - дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» «мұғалім құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелердің бар екендігіне көзіміз жетті.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашалық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады» делінген . Бұдан «құзыреттілік» ұғымы білім беру, маман даярлау саласының қолданыстағы терминіне айналғанын көреміз.

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік - кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

Қазақстанда басекеге қабілетті – қазақстанның экономикасы десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі – білім.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын, білім мазмұнын дамытудың бүгінгі жағдайын ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық орта білім беру стандартында қабылданып отырған негізгі құзыреттіліктерді: проблеманының шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтікті қалыптастырып, дамыту көзделіп отыр.

Құзыреттілік тұрғыдан қарасақ қазіргі үздіксіз білім беру, соның ішінде кәсіби білім беру – білімді дамытудың келесі тенденцияларын айқындайды.

Біріншіден, үздіксіз білім берудің жалпы жүйесінде өздігінен білім алу кезеңдерінің мәнділігі. Бұл дегеніміз білім берудің қазіргі кезеңінде білім алушылардың өзбетіншілік, танымдық және практикалық іс-әрекет дағдысын қалыптастыру міндеті.

Екіншіден, өздігінен білім алуды дамыту жағдайында сөз жоқ, оқыту құралдарының рөлі артады. Бұл қазіргі кезеңдегі оқыту технологиясында оқытудың ақпараттық технологиясының құралдары ерекше мәнге ие болуында.

Үшіншіден, білім беруді жүзеге асырудың даралап оқыту принципінің ролін күшейтеді, әрбір білім алушы үшін оқу процесін даралауды жүзеге асыруды көздейді.

Төртіншіден, білім беруде пәндік-бағдарлық жүйеден жобалау жүйесіне көшуге бағыттайды.

Мұның барлығы өз тарапынан жоғары білім берудегі тиісті құрылымды қайта құруды, сондай-ақ алдыңғы қатарлы әлемдік беталысқа сәйкес болу мақсатында білім беру жүйесінің ішкі түрлендіруін қажет етеді. Бұл білім беру жүйесінің сыртқы ортаға бейімделуі жағдайында және оның қазіргі заманның келешекте жасайтын жаңа қадамдарына ұмтылысы кезінде ғана мүмкін болады. Осыған сәйкес білім берудің мәні ғана емес, оқыту нысандары да түпкілікті түрде өзгеріп отыр, бұған ең алдымен интерактивті оқыту технологияларын (іскерлік ойын, проблемалық жағдай, кейс, ақпараттық технологиялар) жатқызуға болады. Сонымен қатар, оқыту үдерісінде жобалық – ұйымдастырылған тәсілдерді қолдану өз тиімділігін көрсетіп отыр.

Құзіреттілік – мәніне тоқтала кетсек, бұл білім алушылардың әлеуметтенуінің даярлық деңгейінен көрініс табатын білім берудің күтілетін нәтижелері болып табылады.

Мұғалім үнемі ізденісте бола отырып, жаңаша оқытудың модульдік, рейтингтік жүйе, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологияларының әдіс-тәсілдерін өз ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданғаны жөн. Әрі, психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек. Оқушының кез-келген сұрағына жауап беруге даяр болуға тиіс.

Қалай болғанда да кәсіпқой мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасушының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдын-ала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылықтарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болу керектігіне назар аударылады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «базалық құзырет» ұғымы қолданылып келеді. Бұл құзіреттіліктер - өмірдегі мәселелер мен жағдайларды шешуде іс - әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі. Сондықтан осы тұрғыда жоғары кәсіби білім беру базалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Құзырет білім, білік, шығармашылық әрекеттің қорытындысына сүйенеді.

Э.Ф. Зеердің еңбегінде базалық құзыреттіліктер: жалпы ғылыми ұғымдар, қоғам мен адам іс-әрекетінің негізгі заңдары, ақпараттық – коммуникациялық, әлеуметтік – экономикалық, азаматтық – құқықтық құзыреттіліктерді қамтиды

Ғылыми еңбектер мен әдебиеттерге талдау нәтижесінде «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы туралы бірыңғай пікір жоқ екені байқалады. Көбіне бұл ұғым кәсібиліктің жоғары деңгейін бейнелеуде қолданылады. Кейбір авторлардың еңбектерінде «кәсіби құзыреттілік» ұғымы «кәсіби қызметке даярлық» (В.А. Сластенин, Н.Н. Лобанова, А.И. Панарин және т.б.) және «педагогикалық кәсібилік» (А.И. Пискунов, В.В. Косарев және т.б.) ұғымымен теңестіріледі.

Кәсіби білім берудегі құзыреттілік әртүрлі құзыреттілік түрлерінің жиынтығы арқылы күтілетін нәтижені қалыптастыруды көздейді.

Кәсіби құзыреттілікті зерттеу барысында ғалымдар оның жекелеген бағыттарына баса назар аударады. Мысалы, Н.В. Кузьмина арнайы – *педагогикалық, ғылыми – педагогикалық, әдістемелік және құзыреттіліктің* басқа да түрлерін қарастырса, М.В. Прохорова – басқарушылық құзыреттілікке, А.А. Реан, Е.С. Алешина – дифференциалдық – психологиялық құзыреттілікке, Т.Б. Руденко дидактикалық - әдістемелік құзыреттілікке назар аударды.

Педагогтың кәсіби құзіреттілігі – әлеуметтік сұранысқа сай заңды құбылыс, өйткені тұтынушылар жоғары дейгейде сапалы білім беру мектептерін таңдауға мүмкіндік алады, мұғалімдердің кәсіби біліктілігі – сол мектептің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші, түлектердің білім сапасында, тәрбиесінде, жаңа ақпараттық технологияны меңгеруінде, олардың бойынан пәндік және түйінді құзіреттіліктердің көрініс табуында бір мектеп пен екінші мектеп арасында бәсекелестік болады.

Қорыта айтқанда, қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай кәсіптік оқыту педагогының кәсіби құзіреттілігін арттыру қажеттілігі еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бет бұрып, соған сәйкес білім берудің парадигмасының өзгеруі және бүгінгі күнгі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен болашаққа қарай ұстанған бағыты білім беру мекемелерінің жаңа бағдарын анықтауға әсер етеді.

**Әдебиеттер тізімі:**

3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. –Алматы, 2008. -328 б.
4. Жолдасбекова С.А.,Райымкулова А.Д. Подготовка будущего педагога 12 летней школы к компетентностному профильному образованию. Труды Республиканской научно-практической конференций «Актуальные проблемы подготовки учителя новой формации». 2 том. 25 ноября 2010 г. - Тараз, Таразский государственный педагогический институт.

*****

**ЕСБАТЫРОВА НУРИЯ ЕСЕНГАЛИЕВНА**
**Маңғыстау обылысы Мұнайлы ауданы**
**№ 15 жалпы білім беретін мектебі**
**бастауыш сынып мұғалімі**

## Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы — ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.

Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестіккебаулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынысқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Шығармашылық —бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер басты нысана болып, керісінше, оқушыда шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема саналып, ойландыруы тиісті деп ойлаймыз. Себебі өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешу тек шығармашыл адамдар ғана қолынан келеді. Тек шығармашылық қана қандай түрде, қандай деңгейде болмасын адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатылары болып саналатын бастауыш мектептің орны ерекше.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты — бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекеті орындауға жағдай жасайтын жеке еркешеліктері дей келе, олар қоғамдық —тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Қабілеттер мәселесін қорытындылай келе, педагогикалық практика үшін мәні ерекше мына жағдайларға айрықша тоқталу жөн.

Бірінші — адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрлымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болады. Мәселен: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің арақатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.

Екінші — адамдар бойында қабілеттің бір түрі ғана бола ма, әлде әр түрлі қабілеттің белгілері бола ма деген сауал төңірегіндегі пікірлер жайлы. Ғалымдар керісінше көзқарастардың бар екендігіне қарамастан, адам бойында әрекеттің бірнеше түрін оындай алу мүмкіндіктерін бар екендігін дәлелдейді. Мысалы ақындығымен қатар музыкаға, суретке қабілетті адамдар.

Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді.

1. Репродуктивті — іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі.

2. Шығармашылық  — жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

«Шығармашылық»  сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», — деп түсіндіріледі.

Шығармашылық — өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы—ол баланың өзін-өзі қалып тастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.

Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестіккебаулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынысқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

*****

**АБИЛКАСИМОВА ГУЛМИРА БАЛТАБЕКҚЫЗЫ**
**Шымкент қаласы**
**Оразбай атындағы №115 негізгі орта мектептің**
**бастауыш сынып мұғалімі**

## Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Оразбай атындағы №115 негізгі орта мектеп | | |
| **Пәні:** | математика | | |
| **Бөлім:** | **2 В Аудан. Шамалар** | | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Абилкасимова Гулмира | | |
| **Күні:** | 16.11.2022 | | |
| **Сынып: 3 «А»** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Фигуралар салу.Ежелгі уақытта ұзындықты қалай есептеген** | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 3.3.1.5 берілген ауданы бойынша торкөзді қағазға жазық фигуралар салу,фигуралардың қиылысу және бірігу аймағын табуды үйрену.<br>3.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды латын әліпбиінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Берілген параметрлер бойынша фигура сала алады.<br>Фигураның пішіні өзгергенде оның ауданы қалай өзгеретінін түсіндіреді. | | |
| **Сабақтың барысы** | | | |
| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** |
| Ұйымдастыру<br>Өзін-өзі тексеру<br><br>2 мин<br><br>Өткен білімді еске | **1.Ұйымдастыру**<br>Психологиялық ахуал.<br>Шырылдады қоңырау,<br>Біз сабақты бастаймыз.<br>Жаңа білім алуға,<br>Алға қадам бастаймыз. | **1.Ұйымдастыру**<br>Психологиялық ахуал. | |

<table>
<tr><td>түсіру<br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>«Ой қозғау» әдісі<br>2 мин</td><td>- «Қазақстанның болашағы, білімді ұрпақтың қолында» деген елбасымыз Н.Ә.Назарбаев<br>- Ендеше білімді ұрпақ кімдер?<br>- Біздер!<br>- Білімімізді көрсетуге дайынбыз ба?<br>- Дайынбыз!<br>- Көңіл-күйіміз қандай?<br>- Ке-ре-мет!<br>Топқа фигуралар арқылы бірігеді.<br>1-топ Үшбұрыш тобы<br>2- топ Төртбұрыш тобы<br>3-топ Шаршы тобы<br>2.Үй тапсырмасын пысықтау.<br>«Дұрыс», «бұрыс» белгісі арқылы сұраққа жауап беру.<br>1.Шеңбер дөңгелектің шегарасы ма? /д/<br>2. Симметрия осі фигураны тең екіге бөлмейді./б/<br>3.Дөңгелек- жазық фигура./д/<br>4. Су,құм,күн сағаттар өмірде болмаған./б/<br>5.Қазақ халқының бұрынғы аудан бірлігі-шөмеле./б/<br>6.Тіктөртбұрыштың ауданын табу үшін, оның ұзындығын еніне көбейтеміз./д/<br>3. Өзектендіру.<br>«Мені тап» ойыны.<br>Сынып ішінен төртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, дөңгелек фигуралар табу<br>Дескриптор:<br>Сынып бөлмесінен фигураларды табады.<br>Оларды ажырата алады<br>ҚБ «Басбармақ» әдісі<br>4.Мақсат қою.<br>Тақырып:«Фигуралар салу»<br>Ежелгі уақытта ұзындықты қалай өлшеген?<br>-Әртүрлі фигураларды салуды,фигуралардың қиылысу және бірігу аймағын табуды үйренесің. (41бет)</td><td>Дескриптор:<br>Сынып бөлмесінен фигураларды табады.<br>Оларды ажырата алады</td><td>ҚБ «Басбармақ» әдісі</td></tr>
<tr><td>Жаңа білім<br><br>25 мин</td><td>5.Жаңа сабақ<br>Үш тілде ұзындық өлшемін айту.<br>(қолдың қары, ярд, аршин) елі, сүйем ұғымдары.<br>Бейнекөрініс. «Қазақы өлшем атаулары»<br>№1. Оқулықпен жұмыс.<br>Жұппен жұмыс. Кесінділердің ұзындықтарын көзмөлшермен өлшеп көр. Дұрыстығын сызғышпен тексер.<br>Дескриптор:<br>Кесінділердің ұзындықтарын көзмөлшермен өлшеп көреді. Дұрыстығын сызғышпен тексереді.<br>ҚБ «Басбармақ» әдісі<br><br>«Кім жылдам» әдісі</td><td>Дескриптор:<br>Кесінділердің ұзындықтарын көзмөлшермен өлшеп көреді.<br>Дұрыстығын сызғышпен тексереді.<br>Дескриптор:<br>Кесінділерді</td><td>ҚБ «Басбармақ» әдісі</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бекіту<br>5 мин | **Практикалық жұмыс.**<br>№2 Кестеге қара Берілген мәлімет бойынша қандай фигуралар салуға болады?<br>**Дескриптор:**<br>Берілген мәлімет бойынша фигуралар салады.<br>ҚБ «Шапалақ» әдісі<br>**«Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі**<br>№3Ұзындықтары төмендегідей кесінділер сыз.<br>1-топ. 32 см-дің сегізден бір бөлігіне тең.<br>2- топ. 9 см дің үштен бір бөлігіне тең.<br>3-топ. 10 см дің бестен бір бөлігіне тең.<br>**Дескриптор:**<br>Берілген мәлімет бойынша кесінділер сызады.<br>ҚБ «Басбармақ» әдісі<br><br>**№4. Топтық жұмыс. «Карусель» әдісі бойынша бір топ екінші топты бағалайды. Аудандары 16 см2, 25 см2, 9 см2 болатын шаршы сал.**<br>**Дескриптор:**<br>Аудандары 16 см2, 25 см2, 9 см2 болатын шаршы салады.<br>Бір топ екінші топты бағалайды.<br>ҚБ «Шапалақ» әдісі<br>№5 Өзіндік жұмыс.<br>А)Ұзындығы қызыл кесіндіден 2 есе артық кесіндіні тап.. Оны дәптерге сыз.<br>Ә) Қай кесіндінің ұзындығы көк кесіндінің жартысын құрайды? Оны дәптерге сал.<br>**Дескриптор:**<br>Ұзындығы қызыл кесіндіден 2 есе артық кесіндіні табады.. Оны дәптерге сызады. ҚБ «Басбармақ» әдісі<br>№6 Таңдау әдісі арқылы 3 топтан 3 оқушы шығып бір фигураны таңдайды. Қабырғаларын өлшеп, периметрін табады.<br><br>Үш топқа үш фигура.<br>**Дескриптор:**<br>Қабырғаларын өлшеп, периметрін табады.<br>ҚБ «Шапалақ» әдісі<br>**6.Бекіту**<br>**№8. «Кім зерек» ойыны.**<br>Қай суретте симметрия осі дұрыс салынбаған? | ң ұзындықтарын көзмөлшермен өлшеп көреді.<br>Дұрыстығын сызғышпен тексереді.<br>**Дескриптор:**<br>Берілген мәлімет бойынша кесінділер сызады.<br><br>**Дескриптор:**<br>Ұзындығы қызыл кесіндіден 2 есе артық кесіндіні табады.. Оны дәптерге сызады.<br><br>**Дескриптор:**<br>Қай суретте симметрия осі дұрыс салынбағанын анықтайды. | ҚБ «Шапалақ» әдісі<br><br>ҚБ «Шапалақ» әдісі<br><br>ҚБ «Басбармақ» әдісі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сол фигураны дәптерге сал. Симметрия осін сал.<br>**Дескриптор:**<br>Қай суретте симметрия осі дұрыс салынбағанын анықтайды.<br>Сол фигураны дәптерге сызып, симметрия осін салады.<br>ҚБ «Шапалақ» әдісі<br>№10 Өрнектің мәнін тап. | Сол фигураны дәптерге сызып, симметрия осін салады. | |
| **Қорытынды.**<br>**4 мин**<br><br>Кері байланыс<br>2 мин | **№12 Бір торкөздің ауданы 4 см2.** Фигураның боялған , боялмаған бөліктерінің және толық фигураның ауданын тап.<br>**Дескриптор:**<br>Фигураның боялған , боялмаған бөліктерін анықтайды<br>Толық фигураның ауданын табады.<br>ҚБ «Шапалақ» әдісі<br><br>***Бағалау***<br>**Формативті бағалау.**<br>Баллдық жүйе арқылы бағалайды<br>**Үй тапсырмасы №11 есеп**<br>**Рефлексия ҚБ: Бағдаршам әдісі арқылы бір-бірін бағалау.** | **Дескриптор :**<br>Фигураның боялған , боялмаған бөліктерін анықтайды<br>Толық фигураның ауданын табады. | ҚБ «Шапалақ» әдісі |

*****

**БУРИЕВА ГУЛЬБАХОР МИРЗАШОВНА**
**Шымкент қаласы**
**№103 жалпы орта білім беретін мектептің**
**бастауыш сынып мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | №103 жалпы орта білім беретін мектеп | |
| **Пәні:** | **Ана тілі** | |
| **Бөлім:** | Буын және тасыма | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Буриева Гульбахор Мирзашовна | |
| **Күні:** | 17.01.2024 | |
| **Сынып: 1 Г** | 1 сынып. | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№35 сабақ. Сөйлеу әдебі. Не деу керек?** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.1.4.1* коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану;<br>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғары және төмен сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу | |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | Оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолданады.<br>Мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеріп, қатені түзетеді. |
| **Құндылықтар** | Талап: ізденімпаз,жасампаз ұрпақ |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** |
|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br>5 минут<br><br>Өткенді пысықтау<br>5 минут<br><br><br><br><br>***Сабақтың ортасы***<br>20 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сергіту сәті<br>2 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br>Мен саған, сен маған» шеңбері<br>Кел, балалар, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Шаңырақты көтеріп,<br>Керегені құрайық.<br>Уықтарша иіліп,<br>Шаңыраққа қосылып,<br>Қазақ үйді құрайық.<br><br>Өткенді пысықтау<br>«Амандасу» әдісі<br>Балалар амандасу түрлерін көрсетіп, оларды түсіндіреді<br><br>Жаңа тақырып<br>ФС тапсырмасы<br>Оқулықпен жұмыс<br>1-жаттығу.<br>Мұғалім «Не деу керек?» өлеңін мәнерлеп оқиды.<br>Өлеңдегі сұрақтарға оқушылардың жауап беруін сұрайды.<br>–«Не деу керек?» сұрағы кімге бағытталып тұр?<br>–Өлең бізді қандай бала болуға шақырып тұр?<br><br>ЕБҚ<br>Өлеңдегі сұрақтарға жауап бер.<br>• Әдепті бала қандай болады?<br><br>Дәптермен жұмыс<br>Көркем жазу<br>Көркем жазуды орындайды. | Сыныпта ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптастыруОқушылар шеңбер бойымен бір-біріне тілек айтады.<br><br>Өткенді пысықтайды<br><br>Өлеңді мәнерлеп оқуға жаттығады<br><br>Сұраққа жауап береді | Мақтап, мадақтап отыру<br><br>Тамаша!<br><br>«Киіз үй» әдісімен мадақтау<br><br>ДескриптоР:<br>Өлеңді барлығы дауыстап, мәнерлеп оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Өз сөздерімен өлеңнің мазмұнын әңгімелеуге тырысады.<br><br>Дескриптор:<br>Ш дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады<br>Өлеңді қатесін түзеп жазады<br><br>Дескриптор:<br>Буындардан сыпайылықты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***Сабақты қорыту*** <br>**6**минут<br><br><br><br><br><br><br><br>Қосымша тапсырма<br>2минут<br><br><br><br><br><br><br>Кері байланыс<br>5 минут | Ш Ш Ш Ш Ш Ш Ш Ш<br>ш ш ш ш ш ш ш ш\ <br>2-жаттығу.<br>Өлеңді қатесін түзеп жаз.<br>Әрғашан озба әдептен,<br>Әдеппен сөйлеп әдеттен.<br><br>3-жаттығу<br>Буындардан сыпайылықты білдіретін сөздерді айтады.<br>Мысалы: Рұқсат етіңіз, ...<br><br>Нейрогимнастикалық жаттығу жасайды.<br><br>ЕҚБ<br>Сөйлеу әдебінің ережесін түз<br><br>Жұптық жұмыс<br>4-жаттығу<br>Балаларға кітапханашы мен оқушы арасындағы ізеттілік қарым-қатынасты білуге үйрету.<br>Ізеттілікті білдіретін тағы қандай сөздерді білесіңдер?<br>ҚЖ:<br>Сөздік диктант<br>Рақмет, әдеп, әдет, кешіріңіз, жарайсың,<br>Тапсырма:<br>Осы сөздердің айтылу орнын түсіндір.<br>Кері байланыс<br><br> | <br>Дәптермен жұмыс жасайды<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Жаттығу жасайды<br><br>Ереже түзеді<br><br>Диалогқа түседі<br><br>Диктант жазады<br><br>Кері байланыс жасайды | білдіретін сөздерді айтады<br>Кестемен жұмыс жасайды<br><br>Тамаша!<br><br><br>Дескриптор:<br>Көп нүктенің ор- нына ізеттілікті көрсететін сөздерді тауып жазады.<br>Бір-біріне ізетті сөздерді айтуды үйренеді<br><br><br><br><br>«Білім гүлі» әдісі |

## МАЗМҰНЫ


- *ЖҰМАҒАЛИ МАҚСАТ ЖҰМАБАЙҰЛЫ*
- *КОЙШИГУЛОВА ГУЛЬЗИЯ БАХТИБАЕВНА*
- *САТМАҒАНБЕТОВА АЙДАНА МИРТАЙҚЫЗЫ*
- *АҚЕДІЛОВА ЖҰЛДЫЗ МАРАТҚЫЗЫ*
- *ТЕМІРБАЙ САУЛЕ АСҚАРҚЫЗЫ*
- *ИГИСЕНОВА ГАУХАР ЖАНГИРХАНОВНА*
- *КАСЕНОВА МАРЗИЯ ЖУМАШЕВНА*
- *КОШИМОВА ЭЛЬВИРА КЕНЕСОВНА*
- *БЕЙСЕКЕЕВА ГУЛЬНАР ТОЛЕУОВНА*
- *ЖҰМАБАЕВА ЛАУРА ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ*
- *АБДУКАРИМОВА АЙНУР МЫНЖАСАРОВНА*
- *ТАТИБАЕВА ИНДИРА САГИНДИКОВНА*
- *ХУСАЙНОВ ТІЛЕК МҰХТАРҰЛЫ*
- *КАЖГАЛИЕВ ДАРХАН БАУЫРЖАНҰЛЫ*
- *ДЖАНУЗАКОВ БАКЫТЖАН ОРАЗОВИЧ*
- *УАЛИАХМЕТ ҒАЙСА АЗАМАТҰЛЫ*
- *ИХЛАСОВА ГУЛЬНАФИС ЖҰБАЙҚЫЗЫ*
- *ТУЛЕГЕНОВА НҰРГУЛ ЕРКІНҚЫЗЫ*
- *БЕЙСЕКЕЕВА ГУЛЬНАР ТОЛЕУОВНА*
- *МЫРЗАНОВА УМИТ КЕНЖЕБЕКОВНА*
- *БАЛДАНОВА МАРАЛ БЕКБОЛАТҚЫЗЫ*
- *ТОЛКЫНБАЕВА САЛТАНАТ КАСЫМХАНОВНА*
- *АСАНБАЕВ ҒАНИ ЕРЖАНОВИЧ*
- *ДЖУМАБАЕВА ЖАНСАЯ ДЖАХАНОВНА*
- *АХМЕДОВА МЕЙИРШАТ КОЛДАСОВНА*
- *АРЫСТАНОВА ШАРИЗАТ ОСПАНОВНА*
- *БИЛАЛОВ ЕРЖАН БЕКМАНОВИЧ*
- *ЕСБАТЫРОВА НУРИЯ ЕСЕНГАЛИЕВНА*
- *АБИЛКАСИМОВА ГУЛМИРА БАЛТАБЕКҚЫЗЫ*
- *БУРИЕВА ГУЛЬБАХОР МИРЗАШОВНА*